

М.Т. Жоламанова

АЙМАҚТЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Оқулық

Алматы, 2019

ӘОЖ: 336.71 (075.8)

КБЖ 65.262.1я73

А 88

Әл Фараби атындағы Қазак Ұлттық университетінің Ғылыми кеңесімен бекітілген (хаттама № 10, 24.05.2018 ж.)

«Нархоз» университеті жанындағы Қазакстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігінің «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» мамандығы бойынша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі республикалық оқу-әдістемелік кеңесі оқу-әдістемелік бірлестігінің грифі берілген (хаттама № 1, 12.11.2018 ж.)

Рецензенттер: Адамбекова А.А. – «Нархоз» университеті» АҚ, Қаржы және технологиялар мектебінің деканы, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Дауылбаев К.Б. – Қонаев атындағы Евразиялық заң академиясы, «Экономикалық және жалпы білім беру» кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Асилова А.С. – әл Фараби атындағы Қазак Ұлттық университеті, «Қаржы» кафедрасының экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

А 88 Жоламанова М.Т.

Аймақтың инвестициялық саясаты: Оқулық / А.С. Асилова. – Алматы: «Master Print» баспасы, 2019..

ISBN 978-601-225-284-2

Оқулықта инвестиция түсінігі, инвестициялық қызмет, еліміздің инвестициялық саясаты мен климаты, оны заңнамалық қамтамасыз ету, қаржыландыру көздері, инвестициялық жоба және оны талдау мен бақылау, нақты және қаржылық портфельдерді инвестициялау қарастырылады.

Танымдық мазмұны бар бұл оқулық экономикалық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына арналған.

ӘОЖ: 336.71 (075.8)

КБЖ 65.262.1я73

ISBN 978-601-225-284-2

ИНВЕСТИЦИЯ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСİNДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯ

1.1

Инвестицияның экономикалық мазмұны мен рөлі

Инвестиция термині латынның «*invest*» сөзінен аударғанда «салым салу» мағынасын білдіреді. Қазақстанда нарықтық қатынастарға өтумен байланысты және экономикадағы реформаларды жүргізу нәтижесінде инвестиция ұғымы пайда болды. Жоспарлы экономика кезінде негізгі қорлардың ұдайы өндірісіне және оның жөнделуіне кеткен шығындар деген термин бойынша «капитал салымы» немесе «капитал жұмсалымы», яғни ұзақ мерзімде негізгі капиталға салым салу термині қолданылған. Қазіргі уақытта «инвестиция» термині әртүрлі мағынада қолданылады, солардың бірнешеуіне тоқталайық.

Инвестиция – пайда табу мақсатында кәсіпкерлік объектілерге салынатын заңды және жеке тұлғалардың ақша қаражаттарын, жылжитын және жылжымайтын мүліктерді, интеллектуалдық құндылықтарды, ақшалай салымдарды, бағалы қағаздарды білдіреді.

Инвестиция – табыс немесе пайда табу үшін ақша қаражаттарын салу, табыс немесе пайда табу үшін сатып алынған мүлік.

Инвестиция – экономикалық жүйеде қызмет ететін капитал көлемінің, яғни адамдармен құрастырылған өндіріс құралдарының ұсынылған мөлшерінің ұлғаюы.

Инвестиция – ол өнеркәсіптің, құрылыстың, ауылшаруашылықтың және экономиканың басқа да салаларының кәсіпорындарына капитал түрінде салынып жұмсалатын шығындар жиынтығы. Сонымен қатар, инвестиция – капитал салу және күрделі қаржы.

Инвестиция – бұл жаңа технологияларды, материалдарды және басқа да еңбек құралдарын енгізумен байланысты өндірістің ұлғаюына және жаңаруына жұмсалатын шығындар.

Инвестиция – бұл шаруашылық өмірге бағытталған салымдар және капитал құнын сақтайтын немесе өсіретін, сондай-ақ табыстың өсуіне әкелетін капитал жұмсау әдісі.

Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» заңына сәйкес *инвестиция* – лизинг шартын жасаған кезден бастап қаржы лизингі заттарын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайту, сондай-ақ концессионердің (құқық мирасқорының) концессия шарты шеңберінде жасаған және алған тіркелген активтері деп анықтама берілген.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «инвестиция» түсінігі әртүрлі мағынада қолданылады. Кең мағынасындағы инвестиция пайда табу кезінде активтердің қолданылуын түсіндіреді.

Халықаралық заңдарда инвестицияны саяси және әлем шаруашылығы аспектілері шеңберінде сипаттайды. Жалпы инвестицияны қарастырғанда, оның мазмұндық сипаттамасынан бұрын инвестицияның мақсатты бағыттарын білу керек. Осы тұрғыдан алғанда *инвестиция* – табыстың ең маңызды бөлігін құрайды. Себебі, ол жалпы ұлттық табысты өндіруге жұмсалады және капитал құру мен ақша капиталына қарағанда нақты капиталды ұлғайтумен байланысты өндірісті ұлғайтуға, оны кеңейтуге кеткен шығындарды көрсетеді.

Инвестицияларға ғимараттар, құрал-жабдықтар, материалдар, өндірістік қорлар және тағы басқалар жатады.

Экономикалық қызметіне байланысты инвестицияның жалпы капиталы келесідей бөліктерге бөлінеді: ауыл шаруашылығы, орман және аң аулау шаруашылықтары, балық аулау шаруашылығы, өндіріс, сауда, автокөлік жөндеу, қонақ үй мен мейрамхана, көлік пен байланыс, қаржылық қызмет, жалға беру қызметтері, мемлекеттік басқару, білім және әлеуметтік қызметтердің көрсетілуі, коммуналдық қызметтердің көрсетілуі.

Қазақстанның ресми статистикасына қарағанда инвестиция түсініктеріне қаржылық емес активтердің инвестициялық көрсеткіштері себеп бола алады. Сонымен қатар, ол өзінің құрамына ғылыми және конструкторлық зерттеуге, күрделі жөндеуге, табиғи ресурстарды қолдануға, негізгі капиталдың элементтеріне кеткен шығындарды жатқызуға болады. Инвестицияның басты элементі негізгі капитал болып саналады, сонымен қатар оларға жаңа құрылыс, техникалық және реконструкторлық жабдықтау, автокөліктер және оларды жабдықтауды қамтамасыз ету жатады. Сондай-ақ, инвестицияның жалпы капитал көздеріне республикалық бюджетті қаржыландыру, жергілікті бюджеттердің қаражаттары, ұйымдар мен кәсіпорындардың өзіндік қаражаты, сонымен қатар шетелдік инвестициялар жатады.

Инвестицияның жалпы капиталының басым бөлігі жалпы ішкі өнімнің динамикасының деңгейіне әсер етеді және макроэкономикалық талдаудың объектісі ретінде қолданылады. Макроэкономикада инвестиция түсінігі ЖІӨ-нің динамикасына әсер етуші шығындардың қолданылуын сипаттайды. Кейбір жағдайларда мұндай инвестициялар *экономиканың нақты секторы* немесе *нақты инвестициялар* деп аталады.

Нақты инвестициялар үш негізгі бағытқа бөлінеді. Жалпы капиталдың кәсіпкерлік инвестициялары, тұрғын үй құрылысының инвестициялары және қорлардың өзгеруі (тауарлы-материалды қорлардың инвестициялары).

Сондай-ақ, инвестициялар *таза* және *жалпы инвестициялар* болып бөлінеді. Бұл бөліну функционалдық капиталдың айналмалылығы инвестициямен байланысты екендігін көрсетеді.

Мұндай үдерісте функционалдық капиталдың физикалық жағдайы нашарлайды. Өнімге деген бағасы бөліктерге ауыстырылып, амортизациялық қорды құрайды.

Инвестицияны жүзеге асыру үшін оның белгілі формалары болады. Олар *ақшалай және тауарлы, қысқа және ұзақ мерзімді, несиелік және кәсіпкерлік* болып бөлінеді.

Қазіргі кезде кәсіпкерлік форма Қазақстан экономикасы үшін өте қолайлы. Кәсіпкерлік капитал жеткізілімі өз кезегінде шекарадан тыс жерлерде филиалдар, еншілес компаниялар және бірлескен кәсіпорын құруға бағытталған ұзақ мерзімді шетелдік инвестициялар болып табылады.


Жалпыға бірдей деңгейде инвестиция жер учаскесіне, жылжымайтын мүлікке, бағалы қағаздарға, құрылысқа, техникалық құрал-жабдықтарға, қазба-байлықтары мен кен өндіруге жұмсалатын күрделі қаржы. Сонымен қатар, инвестиция ел ішіндегі және шетелдегі экономикаға ұзақ мерзімді капитал жұмсалымы.

Инвестициялар экономикалық категория ретінде келесі негізгі функцияларды атқарады:

- өндірістік және өндірістік емес аймақтағы негізгі қорлардың жай және кеңейтілген ұдайы өндіріс үдерісі;
- айналым капиталын қамтамасыз ету және толтыру үдерісі;
- капиталды бір саладан басқасына, аса тартымды, нақты және портфельдік инвестициялардың негізінде қайта құру үдерісі;
- басқа кәсіпорындардың акцияларын сатып алу және активтеріне қаражаттарды салу жолымен меншік иелері арасында капиталды қайта бөлу үдерісі.

Қорыта айтқанда, *инвестиция* – бұл пайда табу мақсатында тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге бағытталатын барлық мүліктік және интеллектуалдық құндылықтардың түрлерін сипаттайды.

Жалпы экономикалық әдебиеттерде инвестициялардың жіктелуіне бірнеше көзқарастар бар. Бөліну белгілерінің жиынтығына сәйкес инвестициялардың келесідей жіктелуін қарастырайық:



1-сурет. Инвестицияның жіктелінуі

Нақты инвестициялар – негізгі капиталға, жөндеу жұмыстарына, айналым қаражаттары қорларына, құрал-жабдықтарды сатып алуға, жер учаскелеріне және кен орындарының қорларына салынатын салымдар.

Материалдық емес активтерге салынатын инвестициялар – жер учаскесін пайдалану құқықтарын сатып алу, лицензияны, тауар белгісін, патенттерді, ноу-хау және тағы басқаларды алуға кететін салымдар.

Интеллектуалдық инвестициялар – жұмысшылардың кәсіби біліктілігін көтеруге және ғылыми-зерттеулер мен ғылыми-техникалық жұмыстарды жүргізуге жұмсалынатын салымдар.

Қаржылық инвестициялар – бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға жұмсалатын салымдар.

Тікелей инвестициялар – нақты ұзақ мерзімді жобаға қаражат салу және нақты активтерді сатып алумен байланысты салымдар.

Портфельдік инвестициялар – капиталды жобалар тобына салу, мысалы әртүрлі кәсіпорындардың бағалы қағаздарын сатып алуға кететін салымдар.

Басқа да инвестициялар – басқа да әр түрлі ұйымдармен берілетін займдар.

Инвестицияның типтері:

1. Салым салу саласына және ақша-қаражаттарды жұмсау бағытына қарай инвестиция үш түрге бөлінеді:

- қаржылық инвестициялар;
- материалдық емес активтерге жұмсалынатын инвестициялар;
- материалдық активтерге жұмсалынатын инвестициялар.

Қаржылық инвестицияларға бағалы қағаздарды сатып алу шығындары, басқа да заңды тұлғаларға берілетін несиелер, кепілдіктер, сонымен қатар несиелік және банктік мекемелермен берілетін несиені ұсыну жатады.

Материалдық емес активтерге жұмсалынатын инвестицияларға лицензиялар, зерттеу, барлау жұмыстары, ноу-хау, кадрларды оқытуға, даярлауға кеткен шығындар, жарнама, фирма имиджі, әлеуметтік салаға жұмсалынған шығындар, тауар белгілері, авторлық құқықтар жатады.

Материалдық активтерге жұмсалынатын инвестицияларға негізгі капиталға жұмсалынған салымдар, негізгі қордың жөндеу шығындары, жер учаскелері, табиғатты пайдалану объектілері жатады.

Материалдық активтерге жұмсалынатын инвестицияларды *нақты* инвестициялар, ал бағалы қағаздарға жұмсалынатын инвестицияларды *портфельдік* инвестициялар деп атайды.

2. Жүзеге асырылу мерзіміне байланысты:

- қысқа мерзімді инвестициялар (1 жылдан 5 жылға дейін);
- орта мерзімді инвестициялар (5 жылдан 20 жылға дейін);
- ұзақ мерзімді инвестициялар (20 жылдан жоғары).

3. Қайта өндіру үдерісіне қатысу деңгейіне байланысты:

- қайта инвестициялау – реинвестициялар, негізгі өндірістік қорларды жаңартуға, жөндеуге, қайта қалпына келтіруге бағытталған инвестициялар;
- нетто инвестициялар – өндірісті кеңейтуге арналған инвестициялар;
- брутто инвестициялар – қайта инвестициялау және нетто инвестициялардың жиынтығы.

4. Тәуекелдік деңгейіне байланысты:

- тәуекелділігі төмен инвестициялар – бағалы қағаздарға салынатын салымдарға қатысты инвестициялар;
- тәуекелділігі орта инвестициялар – нетто инвестициялар;
- тәуекелділігі жоғары – компанияның акцияларына салынатын салымдар, венчурлық инвестициялар.

5. Аймақтық сипатына байланысты:

- шетелдегі инвестициялау – берілген елдің мемлекеттік шекарасынан тыс орналасқан инвестициялау объектілеріне қаражаттарды салу;
- ішкі инвестициялау – берілген елдің аумағында орналасқан объектілерге қаражаттарды салу;
- аймақтық инвестициялау – мемлекеттің нақты аймағының шегінде қаражаттарды салу.

Инвестицияларды жіктеу үшін тағы қосымша белгілерді пайдалануға болады:

- жер, капиталды ресурстар және персоналды қолдану бойынша инвестициялық үдерісте шектелген ресурстарға инвестициялар;
- инвестициялау масштабы бойынша – шағын, орта және ірі жобаларға инвестициялар;

- басқа инвестициялардың әсерінен қауіп төну дәрежесі бойынша – тәуелсіз инвестициялар;
- бәсекелестік инвестициялық шешімдерді қабылдауға сезімтал инвестициялар;
- инвестициялаудың мақсаттарына тәуелді тиімділік формасы бойынша инвестициялар;
- инвестициялармен тығыз байланысты функционалдық қызметі бойынша инвестициялар;
- салалық жіктелінуі бойынша инвестициялар;
- инвестициялау тәуекелі бойынша инвестициялар;
- жүзеге асыру міндеттілік дәрежесі бойынша – тиісті міндетті, абсолютті міндетті емес, міндетті емес инвестициялар.

Қазақстан экономикасында инвестициялардың *тікелей* және *портфельдік* жіктелінуі кең тараған.

Портфельдік инвестициялар – заңды және жеке тұлғалардың қаражаттарын қаржы делдалдары шығарған бағалы қағаздарға салу арқылы жүзеге асырылады. Бағалы қағаздарға салынатын салым есебінен инвестор өзінің қаржылық капиталын арттырады және дивиденд алады.

Портфельдік инвестицияларда *инвестордың басты негізгі міндеті* қор нарығында бағалы қағаздарды сату және сатып алу операцияларымен жүзеге асырылатын оңтайлы инвестициялық портфельді құру және басқару болып табылады. Сондай-ақ, портфельдік инвестициялар көбінесе қысқа мерзімді қаржылық операцияларды жүзеге асырады.

Тікелей инвестициялар – инвесторға объектіні басқаруға немесе оның қызметін қадағалауға құқық береді, заңды және жеке тұлғалармен жүзеге асырылады. Инвестор тікелей инвестицияға қаражат салу нәтижесінде өзінің өндірістік капиталын арттырады, яғни тікелей инвестицияның капитал құру негізіне ие салымдар болып табылады.

Экономикалық деңгейде инвестицияларды *макро* және *микро* деп екіге бөлуге болады.

Макродеңгейдегі инвестициялар:

- өндірісті дамытуға үлес қосуға;

- елдің төлем қабілеттілігі сұранысын қанағаттандыруға;
- тозығы жеткен өндірістік қорларды жаңартуға;
- ірі өнеркәсіптердің мәселелерін шешуге;
- әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге;
- экономиканың болашақтағы өсіміне негіздер қалауға;
- тауардың қажетті мөлшерде, сәйкес сапада, ішкі сұранысын қалыптастыруға бағытталады.

Микродеңгейдегі инвестициялар:

- негізгі өндіріс қорларын кеңейтуге, жаңасын салуға, жөндеуге, қайтадан жаңғыртуға;
- негізгі қорлардың моралдық, физикалық тозуын болдырмауға және өндірістің техникалық деңгейін көтеруге;
- жаңа техника мен технологияларды енгізуге;
- жоғары білікті мамандарды дайындауға және кәсіпорынның басқа да мақсаттарына жетуге;
- қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды жүргізуге;
- еңбекті ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін енгізуге бағытталады.

Инвестициялар макро және микродеңгейде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, жай және кеңейтілген ұдайы өндіріс құрылымдық қайта құрудан максималды пайда алу мен осының негізінде көптеген әлеуметтік мәселелерді шешу үшін маңызды экономикалық категория болып табылады.

1.3 || Инвестицияның субъектілері мен объектілері

Инвестиция түсінігі инвестициялық қызмет, инвестициялық қызметтің субъектісі және инвестициялау объектісі түсініктерімен тығыз байланысты.

Инвестициялық қызметтің алғашқы кезеңі – инвестициялау объектісін таңдау болып табылады.

Инвестициялау объектісі дегеніміз – инвестицияға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрі.

Инвестициялау объектісіне:

- ақша-қаражаттар, мақсатты банктік салымдар, пайлар, акциялар және басқа да бағалы қағаздар;
- жылжитын және жылжымайтын мүліктер;
- авторлық құқық, ноу-хау және тағы басқа да интеллектуалдық құндылықтар;
- жер учаскелері және тағы басқа да ресурстарды пайдалану құқықтары, сонымен қатар, басқа да мүліктік құқықтар мен құндылықтар жатады.

Объектілердің жіктеленуі келесідей бөлінеді:

1. Масштабы бойынша:

- кіші жобалар (15 млн долларға дейін);
- мега жобалар – бұл ұзақ мерзімді жобалар (50 жылға дейін, 5 млрд доллардан жоғары), олар көптеген кіші жобалардан тұруы мүмкін.

2. Инвестициялау сипатына байланысты:

- мемлекеттік маңызды және масштабты объектілер (салалық, аймақтық, жергілікті).

3. Сатып салу деңгейі бойынша:

- тез сатып алынатын немесе белгілі бір уақыт аралығында сатып алынатын болып бөлінеді.

Инвестициялық қызметтің субъектілеріне:

- жеке және заңды тұлғалар;
- мемлекет;
- шетелдік мемлекеттер;
- басқа да халықаралық ұйымдар жатады.

Инвестициялық қызметтің субъектілері ретінде, *бір жағынан*, бос инвестициялық ресурстарға ие қатысушыларды (инвесторларды), *екінші жағынан*, инвестициялық ресурстарға қажеттілігі бар кәсіпорындарды, ұйымдарды және тағы басқаларды қарастыруға болады. Инвестициялық қызметтің *үшінші жағы* инвестициялық институттар мен инвестициялық ресурстардың

тұтынушылары арасындағы өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ететін делдалдар болып табылады.

Инвестициялық қызметте инвесторлар маңызды орын алады. *Инвесторлар* салымшылар, тапсырыс берушілер, несие берушілер, сатып алушылар ретінде инвестициялық қызметтің кез келген қатысушының функцияларын атқара алады. Инвесторлардың кәсіпкерлік қызметінің кез келген объектілері мен түрлеріне инвестициялар салуды жүзеге асыруға құқығы бар.

Отандық заңнамаға сәйкес *инвестор* – бұл инвестициялық жобаға өзіндік және басқа да тартылған меншікті қаражаттар мен интеллектуалдық қаражаттарды салуды жүзеге асыратын және шешім қабылдайтын, сондай-ақ олардың мақсатты пайдалануын қамтамасыз ететін заңды немесе жеке тұлға деп көрсетілген. Сонымен қатар, инвесторлар:

- мемлекеттік және жергілікті мүліктік құқықтарды, мүлікті басқаратын органдар;
- жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдік жеке тұлғалар;
- кәсіпорындар, кәсіпорын одақтары және басқа заңды тұлғалар, сонымен қатар шетелдік заңды тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар болуы мүмкін.

Инвесторлардың кәсіпкерлік қызметінің инвестицияларды жүзеге асыратын объектілері мен түрлеріне қатысты құқықтары мен міндеттері «Инвестициялар туралы» (күші жойылған) заңында, ҚР-ның өзге де заңнамалық актілерінде және тиісті шарттарда белгіленген. Сонымен қатар, инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз қорғалады, ол ҚР-ның Конституциясымен, ҚР-ның инвестициялар туралы заңдарымен және басқа да нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ ҚР-сы бекіткен халықаралық шарттармен қамтамасыз етіледі.

Инвестор мемлекеттік органдардың ҚР-ның заң актілеріне сәйкес келмейтін актілер шығаруы салдарынан, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерінің салдарынан өзіне келтірілген зиянды ҚР-ның азаматтық заңдарына сәйкес өткізуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Үкіметі инвесторлар мен ҚР-ның мемлекеттік органдары арасында жасалынған шарт-талаптарының тұрақтылығына кепілдік береді.

Бұл кепілдіктер импорттың, өндірістің, акцизделетін тауарларды өткізудің тәртібі мен талаптарын өзгертетін ҚР-ның заңдарындағы өзгерістерге және ҚР-ның халықаралық шарттарын күшіне енгізу мен олардың өзгерістеріне, сондай-ақ, ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтау мен имандылықты қамтамасыз ету мақсатында ҚР-ның заң актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды.

Сонымен қатар, инвесторлар:

- ҚР-ның заңдарына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өзінің қызметінен алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы;
- ҚР-ның аумағындағы банктерде ҚР-ның банктік және валюталық заңдарына сәйкес ұлттық валютамен және шетелдік валютамен банктік шоттар ашуға құқылы.

Инвесторлардың заңды тұлғаларды тіркеуі, олардың жарғылары, жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді тіркеуі, берілген лицензиялар туралы ақпаратқа, сондай-ақ олардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруымен байланысты коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтымайтын ҚР-ның заңнамалық актілерімен көзделген өзге де ақпаратқа еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі индустрия және елді индустриалық-инновациялық дамыту, ғылыми-техникалық дамыту, мемлекеттік инвестициялық саясат және инвестицияларды қолдау саясаты, қолайлы инвестициялық жағдай жасау, арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі және оларды тарату, экспорттық бақылау, инвестицияларды мемлекеттік қолдау саясатын іске асыру салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Әрбір кәсіпорын өзінің өндірістік қызметін атқару үшін өз иелігінде негізгі қорлары болуы тиіс. Ал мұндай қорларды құру үшін, сонымен қатар жұмыс істеп тұрған негізгі қорларды ұстап тұру үшін капитал жұмсалымы қажет. Капитал жұмсалымы инвестиция түсінігінің құрамына жатады. Қазіргі уақытта инвестицияның жартысынан көп бөлігі капитал жұмсалымына тиесілі, сондықтан да *капитал жұмсалымы* дегеніміз – жаңа қорларды құру және істеп тұрған негізгі қорларды кеңейту, реконструкциялау, сонымен қатар, оларды техникалық жағынан қайта жабдықтауға жұмсалатын шығындар болып табылады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда капитал жұмсалымы ұдайы өндірісті кеңейтудің басты көзі болып саналады. Сонымен қатар, күрделі капитал жұмсалымына құрал-жабдықтарды монтаждаумен байланысты шығындар, монтаждауды талап ететін және талап етпейтін құрылыстың сметасына қосылған құрал-жабдықтарды сатып алуға жұмсалынған шығындар, құрылыстың сметасына жататын өндірістік құралдар мен шаруашылық заттарын алуға жұмсалынған шығындар, құрылыстың сметасына кірмейтін машиналар мен құрал-жабдықтарды сатып алуға кететін шығындар, сондай-ақ, жобалау мен зерттеу жұмыстарына жұмсалынатын шығындар да жатады.

Капитал жұмсалымының тиімділігі оның жұмсалыу бағыттарына, құрылымына, кезеңдеріне, сонымен қатар құрылымдық жұмысты жүзеге асыру мерзіміне тікелей байланысты болып келеді. Капитал жұмсалымы экономиканың тұрақтылығына, өнеркәсіптік-өндірістік әлеуеттің өсуіне және ұдайы өндіріс қарқынының жоғарылауына әсер етеді.

Жұмсалыну бағытына байланысты капитал жұмсалымы екіге бөлінеді:

1. Өндірістік бағыттағы капитал жұмсалымы;
2. Өндірістік емес бағыттағы капитал жұмсалымы.

Өндірістік бағыттағы капитал жұмсалымы кәсіпкерлікті дамыту және қолдау туралы бағдарламаға сәйкес келесідей бағыттарға жұмсалынады:

- ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау және сақтауға;
- өнеркәсіп тауарларын, оның ішінде халық тұтынатын тауарларды өсіруге;
- ғылыми-техникалық прогресті дамытуға;
- құрылыс байланыс және көлік салаларын дамытуға;
- коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсету салаларын дамытуға жұмсалады.

Өндірістік емес бағыттағы капитал жұмсалымы бұл білім беруге, денсаулық сақтауға, мәдинет және өнер саласын дамытуға, қорғаныс және құқық қорғау саласына, тұрғын үй құрылысына жұмсалынады.

Сондай-ақ, капитал жұмсалымы өндірісті пайдалану бағытына қарай келесідей құрылымдарға бөлінеді:

- салалық;
- техникалық;
- ұдайы өндірістік.

Салалық бойынша капитал жұмсалымы халық шаруашылығы салаларына, экономиканың басынқы секторларына, сонымен қатар ауыл шаруашылығы кешеніне бағытталады.

Капитал жұмсалымының техникалық құрылымы құрал-жабдықтарды сатып алу шығындары, құрылыстық-монтаждық жұмыстар және басқа да капитал жұмсалымдары аралығындағы қатынасты анықтайды.

Техникалық құрылымның активті бөлігі неғұрлым көп болса, соғұрлым техникалық құрылым тиімді болып есептелінеді. Құрал-жабдықтарды сатып алу шығындарын капитал жұмсалымының *активті бөлігі* деп, ал құрылыстық-монтаждық жұмыстарды *пассивті бөлігі* деп аталды.

Капитал жұмсалымының ұдайы өндірістік құрылымы жаңа қорларды құруға және жұмыс істеп тұрған өндірістік қорларды кеңейтуге, реконструкциялауға, техникалық жағынан қайта жабдықтауға бағытталған капитал жұмсалымы үлестерінің қатына-

сын көрсетеді.

Капитал жұмсалымының тиімділігі күрделі құрылым, қаржыландыру және несиелеумен байланысты тәуекелдік дәрежесін сипаттайтын, күрделі жұмысқа жұмсалынған капитал, сондай-ақ өтімділік қабілетін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді білдіреді.

Капитал жұмсалымының тиімділік көрсеткіштері экономиканың түрлі секторларына байланысты әр түрлі болып келеді.

Тиімділік көрсеткіштері кәсіпорынның қаржылық қызметін бағалау үшін және инвестициялық саясат пен баға белгілеу үшін қолданылады. Тиімділік көрсеткіштерін екі түрге бөлуге болады:

- абсолюттік тиімділік көрсеткіші;
- салыстырмалы тиімділік көрсеткіші;

Абсолюттік тиімділік көрсеткіші – бұл күрделі капитал жұмсалымы макро, микродеңгейдегі тиімділік пен шығындар аралығындағы шекті қатынаспен сипатталады. Жалпы халық шаруашылығындағы капитал жұмсалымының тиімділігін анықтау келесі формулада көрсетілген:

$$\mathcal{E}_{x/sh} = \Delta \Upsilon T / K_{ж},$$

мұнда: ΥT – жылдық ұлттық табыс көлемінің өсімі;

$K_{ж}$ – капитал жұмсалымы.

Жеке сала бойынша капитал жұмсалымының көрсеткіштері келесі формуламен анықталады:

$$\mathcal{E}_k = \Delta T\Theta / K_{ж} - A,$$

мұнда: $\Delta T\Theta$ – таза өнімнің жылдық көлемін өсіру;

A – өндірістік қорлардың амортизациясы.

Жеке кәсіпорын мен фирмаларда экономикалық тиімділікті есептеу формуласы:

$$\mathcal{E}_{k/o} = \Delta \Pi / K_{ж} - A,$$

мұнда: $\Delta \Pi$ – пайданың өсімі.

Капитал жұмсалымының салыстырмалы тиімділік көрсеткіштері жұмыс істеп тұрған өндірістің жаңа құрал-жабдықтарды сатып алуымен байланысты. Сондықтан оларды нарықтағы әр түрлі бағаларды салыстыру негізінде жұмсалатын ең жоғарғы шығындарды анықтау кезінде пайдаланады.

Салыстырмалы тиімділік көрсеткішін анықтау формуласы:

$$Ш + E_n \times K_{ж} \longrightarrow \min,$$

мұнда: E_n – капитал жұмсалымының салыстырмалы тиімділігінің нормативтік коэффициенті;

$Ш$ – ағымдағы шығындар.

$$K_T + T_n \times Ш_{ж} \longrightarrow \min,$$

мұнда: T_n – инвестициялық шығындардың қайтарымдылық мерзіміндегі нормативтік көрсеткіші.

Салыстырмалы тиімділік көрсеткішінің формуласы:

$$K_3 = (C_1 - C_2) / (K_1 - K_2),$$

мұнда: C_1, C_2 – капитал жұмсалымына дейінгі және капитал жұмсалымынан кейінгі өнімнің өзіндік құны;

K_1, K_2 – алдыңғы және кейінгі капитал жұмсалымының көлемі.

Негізгі капиталды реконструкциялау – бұл өндірісті жетілдіру және оның техника-экономикалық деңгейін жоғарылату мақсатында негізгі қорлардың барлығын немесе белгілі бір бөлігін қайта жаңғырту.

Негізгі қорларды техникалық жағынан қайта жабдықтау – бұл озық техника мен технологияны, автоматизацияны, компьютеризацияны, модернизацияны енгізу негізінде негізгі қорлардың барлығын немесе белгілі бір бөлігін техникалық деңгейде жоғарылату бойынша шаралар жиынтығын білдіреді.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. *Инвестиция дегеніміз не?*
2. *Инвестицияны жүзеге асырудың қандай формалары бар?*
3. *Инвестицияны жіктеңіздер*
4. *Инвестицияның түрлері мен типтерін анықтаңыздар*
5. *Экономикалық деңгейде инвестицияларды қалай бөлуге болады?*
6. *Инвестициялау объектісі дегеніміз не?*
7. *Инвестициялық қызметтің субъектілерін анықтаңыздар*
8. *Инвестор дегеніміз не?*
9. *Капитал жұмсалымы дегеніміз не?*
10. *Капитал жұмсалымының бағыттарын атаңыз*
11. *Макро, микродеңгейдегі капитал жұмсалымын анықтаңыз.*

2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ- ТІҢ ДАМУЫ

2.1

Инвестициялық қызмет түсінігі және оның заңнамалық қамтамасыз етілуі

Инвестициялық қызмет инвестицияларды салу үдерісін сипаттайды. Ол берілген инвестициялық жобаны жүзеге асыруға ынталы заңды және жеке тұлғалардың, мемлекеттің тәжірибелік мақсатты кешенін қамтиды.

Инвестициялық қызмет экономикалық өсуге қол жеткізу мақсатын көздейді. Сонымен қатар, ғылыми-техникалық, өндірістік үдерісті қамтиды және оның кейбір мәселелеріне (мысалы, негізгі өндіріс қорларын жөндеуден өткізуге, жаңа техниканы ендіруге) әсер етеді. Сондай-ақ инвестициялық қызметке қаржы салу және арнайы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жатады.

ҚР-да инвестициялық қызмет заңдармен реттеледі және бағдарламалық мақсаттық сипатқа ие болып табылады.

Инвестициялық қызмет – бұл инвестицияларды салу және инвестициялау, инвестицияларды жүзеге асыру бойынша тәжірибелік қызметтер жиынтығы. Сонымен қатар, инвестициялық қызмет инвестордың инвестициялық объектіні таңдауы және құруы, оны пайдалануы мен жоюы, қажетті қосымша салымдарды жүзеге асыруы мен сыртқы қаржыландыруды тартуы бойынша инвесторлардың қызметін түсіндіреді.

ҚР-ның заңында *инвестициялық қызмет* – жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуы жөніндегі не кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құрау немесе ұлғайту жөніндегі, сондай-ақ концессионердің (күкық мирасқорының) концессия шарты

шеңберінде жасаған және алған, тіркелген активтері жөніндегі қызметі деп көрсетілген.

Жалпы инвестициялық қызметті құқықтық реттеудің 2 формасы бар:

- 1) Ұлттық құқықтық реттеу;
- 2) Халықаралық құқықтық реттеу.

Ұлттық құқықтық реттеу формасы – бұл инвестициялық қызметке байланысты және оны реттеуге бағытталған сол елдің аумағында әрекет ететін заңдылықтар мен нормативтік-құқықтық актілер кешені.

ҚР-да инвестициялық қызметті реттейтін негізгі заң *«Инвестициялар туралы»* ҚР-ның 2003 жылдың 8 қаңтардағы № 373-II заңы (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексімен күші жойылған) болып табылды. Осы заңның қабылдануымен байланысты ҚР-ның инвестициялар туралы заңдары да күштерін жойған: *«Шетелдік инвестициялар туралы»* ҚР-ның 1994 жылғы 27 желтоқсандағы заңы, ҚР Жоғарғы Кеңесінің *«Шетелдік инвестициялар туралы»* ҚР-ның заңын күшіне енгізу тәртібі жөніндегі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қаулысы, *«Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы»* 1997 жылғы 28 ақпандағы ҚР-ның заңы.

ҚР-ның инвестициялар туралы заңдары ҚР-ның Конституциясына негізделеді және ҚР-ның *«Инвестициялар туралы»* заңы мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрды. Сонымен қатар, бұл заң мемлекеттік бюджет қаражатынан инвестицияларды жүзеге асыруға, коммерциялық емес ұйымдарға – оның ішінде білім беру, қайырымдылық, ғылыми немесе діни мақсаттар үшін капитал салуға байланысты қатынастарды реттемеді.

«Инвестициялар туралы» заң ҚР-дағы инвестицияларға байланысты қатынастарды реттеді, инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін айқындады. ҚР-сында инвестицияларды жүзеге асырған кезде инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік берді, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын, инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгіледі.

Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде туындайтын және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының қолданылатын саласына байланысты қатынастарға «Инвестициялар туралы» заңының ережелері ҚР-ның осындай заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылды. Егер ҚР бекіткен халықаралық шартта осы заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылды.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігі негізінде ҚР-ның заң актілерінде инвестициялық қызметте шектелетін немесе оған тыйым салынатын қызмет түрлері мен аумақтары белгіленген. Сонымен қатар, бұл заңда инвестиция, инвестициялық қызмет, инвестор, инвестициялық преференция ұғымдарына анықтама берілген.

2.2

«Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму стратегиясы»

ҚР-да экономиканың басым секторларын дамытуды және индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру ел келешегінің дамуындағы ең басты бағыттардың және міндетті шарттардың бірі. Соңғы жылдары инновациялық саясатты қалыптастыруға деген ұмтылыс маңызды мәселеге айналды. Сол себепті еліміздегі индустриалды-инновациялық даму стратегиясының жүзеге асырылуы маңызды болып табылады.

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген ҚР-ның индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының негізгі бағыттары бойынша елімізде жұмыстар жүргізіліп келеді. Мемлекет жоғары технологиялы өндірістер қалыптастыруға, оның ішінде шетелдік те, саларалық та технологиялар трансфертінің тиімді жүйесін жасауға жәрдемдесу үстінде. Сонымен қатар, жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік

ұйымдар мен кәсіпорындар желісі бар қалаларда қазіргі заманғы ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды жасап, оның қазіргі заманғы элементтерінің қызметін (технопарктер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және с.с.) қолдауда. Ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға, ғылым мен инновациялар салаларына инвестициялар тартуға, өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына инновациялардың жылдамырақ енуіне бағытталған заң шығару базасы да елімізде барынша жетілдіріліп жатыр. Бұл Қазақстанда индустриалды-инновациялық саясаттың алғышарты жасалғанын көрсетеді.

Индустриалды-инновациялық дамудың 2003-2015 жж. және 2010-2014 жылдарға арналған стратегиясының *маңызды міндеттерінің бірі* мақсатты инвестициялық және ғылыми-техникалық стратегияларды іске асыру, инвестициялық белсенділікті реттеу мен ынталандыру болып табылады. Бұл индустриалды-инновациялық дамуды, қазіргі мемлекеттік басқару жүйесін қайта қарауды және белгілі бір дәрежеде қайта құруды қажет етеді.

Өңдеуші өнеркәсіптің әлемдік экспортындағы ҚР-ның үлесін ұлғайту және барлық факторлардың өнімділігінде дамыған елдерден алшақтықты қысқарту арқылы 2035 жылға қарай өңдеуші өнеркәсіпте Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ең дамыған елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің орташа деңгейіне қол жеткізу индустрияландыру саясаты болып табылады. 2010-2014 жылдары Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама шеңберінде бірінші кезең іске асырылды, онда индустриялық даму үшін заңнамалық, инфрақұрылымдық және институционалдық негіздер қаланды.

Индустриалды-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған стратегиясының *мақсаты* – еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыру. Сондай-ақ, *міндеттері*:

- 1) дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияны құруды аяқтау;

- 2) сала түзуші ірі жобаларды іске асыру арқылы индустриялық өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыру;
- 3) экспортқа және өз еңбегінің өнімділігін үнемі арттыруға бағдарланған тиімділігі жоғары индустриалдық кәсіпкерліктің пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- 4) инновациялық белсенді бизнестің сындарлы мөлшерінің пайда болуы үшін алғышарттар жасау.

Стратегияларда қойылған мақсаттар мен міндеттерге тиімді қол жеткізу үшін олардың шеңберінде стратегияны одан әрі жүзеге асыруда күтілетін жаңа экономикалық шарттарды ескере отырып, оны іске асыру тетіктерін сапалық жағынан жаңадан толықтыру және экономиканы одан әрі жаңғырту, экономиканың барлық салалары мен капиталды қарқынды дамыту бойынша мемлекеттің кешенді күшін айқындау талап етіледі.

ҚР-сын индустриалды-инновациялық дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалары «Қазақстан-2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарына, Қазақстанның әлемнің дамыған отыз елінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің XXVI жалпы отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырманы орындау үшін және ҚР Президентінің «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленген.

Стратегияларды жүзеге асыру мақсатында даму институттары қызмет атқарды. Жалпы алғанда, даму институттарының тұрақты жұмыс істеуі *орталықсыздандыру, мамандандыру, бәсекелестік және ашықтық қағидаларына* негізделетін бір-ыңғай жүйені қалыптастыруы тиіс.

Орталықсыздандыру қағидасы жеке сектордың бастамаларын қолдау (қаржылай қолдау) көздерінің сан түрлі болуын білдіреді. Іс жүзінде бұл мемлекеттің қаржы және ақпараттық ресурстарды бір ғана даму институтына жұмылдырмайтынын білдіреді. Бұл шешімдерді қабылдау кезінде мүмкін болатын жүйелі тәуекелдерді болдырмауға және бәсекелестіктің негізін салуға, соның нәтижесі ретінде қолдау көрсету кезінде

неғұрлым ашық саясат жүргізуге, сондай-ақ, жеке сектордың бастамаларын неғұрлым терең талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, егер перспективалы жоба даму институттарының бірінде қолдау таппаса, онда оны басқа институттан алу мүмкіндігі сақталады.

Мамандану қағидасы даму институттарының қызметтерінің белгілі бір операцияларына және түрлеріне мамандануын білдіреді. Мысалы, Қазақстан Даму Банкі жобаларды банктік несиелеу арқылы, Қазақстан инвестициялық қоры – жарғылық капиталға үлестік (бақылаусыз) қатысуы арқылы, Ұлттық инновациялық қор – гранттар, оның ішінде ғалымдар мен ғылыми мекемелерге гранттар беру және капиталға үлестік қатысу арқылы жобаларды қаржыландыруға маманданған. Мамандану қағидасы даму институттарының мамандану шеңберінде операциялармен және қызмет түрлерімен ғана айналысатынын білдірмейді. Олар өздері үшін негізгі болып табылмайтын басқа операцияларды да жүзеге асыра алады. Бұл үшін негізгі емес операциялар мен қызмет түрлерін жүзеге асырудың лимиттері белгіленген.

Бәсекелестік қағидасы даму институттарының қызметін бәсекелестік негізде жүзеге асыруды білдіреді. Мұндай қажеттілік институттардың көпшілігі дамудың осы кезеңінде нарықта жоқ институттарға еліктеуге бейімді екенімен байланысты. Институттардың қызметі нарықтық институттарға еліктеуді білдіретінін ескере отырып, әуел бастан олардың қызметін нарықтық, яғни бәсекелестік негізде құру. Бәсекелестік қағидасы қандай да бір институттың қызметінің нәтижелерін салмақтауға мүмкіндік береді.

Ашықтық қағидасы менеджерлердің есептілігі мен жауапкершілігін, қаржы ресурстарын мақсатты, әрі тиімді пайдалану үшін тиісті бақылауды қамтамасыз ететін дамудың мемлекеттік институттарын корпорациялық басқарудың ашық жүйесін құруды білдіреді. Мемлекет даму институттарының алдына қойылған міндеттерді тиісінше іске асыру мақсатында олардың қызметін қандай да бір қысымнан қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Осы қағиданы жүзеге асыру үшін тәуелсіз директорлар

институты мінсіз іскерлік беделі бар шетелдік жоғарғы білікті менеджерлерді тарта отырып, корпоративтік басқарудың қазіргі заманауи құралдарын белсенді пайдаланады.

Мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясаттың негізгі мәні әлемдік нарықтағы белгілі бір тауашалардағы (ұяшықтардағы) экспортқа бағытталған экономиканың шикізаттық емес салаларында және инновациялық секторда бәсекеге қабілетті ұлттық тауарлар мен қызмет көрсетулер өндірісін құру мен дамыту болып табылады.

Индустриалды саясат деп мемлекет олар арқылы бәсекеге қабілетті және тиімді ұлттық өнеркәсіп пен жоғары технологиялар индустриясын қалыптастыру үшін кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасайтын, сондай-ақ қолдау көрсететін шаралар кешенін түсіндіреді.

Стратегия индустриалды-инновациялық дамудың және экономикалық саясаттың индустрияландырудан кейінгі және үдемелі инновациялық даму жағына қарай экономика құрылымындағы сапалы өзгерістерді жүргізуді қамтамасыз етуге жұмылдырылған мемлекеттің барлық қолда бар ресурстық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға негізделген саяси, экономикалық және ұйымдық-құқықтық шаралардың, қағидалардың, басымдықтардың жиынтығын білдіреді.

2.3

Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестициялар

Шетелдік инвестициялар – бұл ҚР аумағындағы кәсіпкерлік қызметтің объектісіне шетел инвесторына тиесілі азаматтық құқықтардың, соның ішінде ақша қаражаттардың, бағалы қағаздардың, мүліктік, интеллектуалдық құндылықтардың және ақпарат нәтижелеріне ерекше құқықтардың ақшалай бағасына ие мүліктік құқықтар объектісі түрінде шетел капиталын салу.

Сыртқы инвестициялаудың негізгі көзі – *шетелдік тікелей инвестициялар* болып табылады.

Шетелдік тікелей инвестициялар тек ішкі капитал салымдарының қосымша көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа жетілдірілген технологияларға, сыртқы қарыздарды өткізу жүйесіне, қаржыландырудың жаңа көздеріне қол жеткізу әдісі ретінде қарастырылуы мүмкін және шетелдік инвесторлар жаңа өндірістерді құруға көмектесуі мүмкін.

Шетелдік тікелей инвестициялар – шетелдік инвесторлардың салған капиталының отандық кәсіпорыннан артықшылығы болумен түсіндіріледі.

Қазақстан экономикасына 1998-2018 жылдар аралығында 300 млрд доллар көлемінде тікелей шетел инвестициясы тартылды.

Шетелдік тікелей инвестициялар трансұлттық компаниялар, халықаралық институттар, шетелдік банктер есебінен құрылған.

Негізгі *шетелдік инвесторлар* – АҚШ, Оңтүстік Корея, Жапония, Ұлыбритания, Қытай, Еуропа мемлекеттері болып табылады.

Әлемде 20000-нан астам трансұлттық компания бар. Қазақстан аумағында олардың қызметтері біріккен кәсіпорындардың құрылуымен байланысты дамыды.


Әлемдегі 100-ден аса ірі корпорацияның 35-і мұнай және осыған ұқсас секторларда жұмыс істейді. Егер осыдан 15-20 жыл бұрын ірі трансұлттық корпорациялардың барлығы Батыс Еуропа, АҚШ және Жапония елдерінің үлесінде болса, қазір едәуір бөлігін Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей және Бразилия елдерінің ірі компаниялары құрайды. Өйткені, бұл елдер трансұлттық корпорациялардың ел экономикасының іргесін кеңейтудегі рөліне мән беріп, оларға барынша көмек көрсетуде.

1. *Ең ірі трансұлттық компаниялар* – Шеврон, British gas, Қытай Ұлттық компаниясы, Тексака, Филип Морис болып табылады.

2. *Халықаралық қаржы институттары:*

- 1) Халықаралық қайта құру және даму банкі;
- 2) Азия қайта құру және даму банкі;
- 3) Еуропа қайта құру және даму банкі;

- 4) Жапонияның Эксим банкі;
 - 5) Жапонияның халықаралық серіктестік қоры.
3. *Шетелдік коммерциялық банктер.*



2-сурет. Қазақстан Республикасындағы шетел инвестициясы

Мемлекеттік портфельді инвестициялау кезінде олардың иесі үшін тек табыс маңызды болады. Ал кәсіпорындарды бақылау олардың мүддесіне жатпайды. Қазақстан экономикасына шетелік инвесторларды тарту әлеуметтік-экономикалық дамудағы мәселелерді шешуге көмектеседі:

- қазақстандық тауарлар мен технологияларды сыртқы нарыққа шығару;
- әр түрлі салаларда экспорттық әлеуетті кеңейту және импорттың орнын басататын өндірісті дамыту;
- еңбек күші көп аймақтарға және табиғи ресурстарға бай аудандарға капитал құюға көмектесу;
- жаңа жұмыс орындарын құру және өндірісті ұйымдастырудың алдыңғы қатарлы орындарын шегеру;
- кәсіпкерлік саладағы өркениетті қатынастардың нәтижесін игеру;
- өндірістік инфрақұрылымның дамуына көмектесу.

Шетел инвестициясын тартудың объективті алғышарты нарықтық қатынастарға өту халықаралық қатынастардың қамтылуын және ұлттық экономиканың әлемдік экономикалық

кеңістіктегі интеграциясын анықтайды. Осыған байланысты 1994 жылы 27 желтоқсан айында «Шетелдік инвестициялар туралы» заң (күші жойылған) қабылданды, бұл заң шетел инвесторларының құқығын және ҚР-ның аумағында инвестициялық қызметті ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекітті. Осы заңға байланысты шетел инвестицияларын тартудың негізгі мақсаттары келесілер болып табылды:

- өндірісті дамыту және экономиканы көтеру үшін инвестицияны ресурстармен қамтамасыз ету;
- жаңа техника мен технологияны енгізу және өндіріс тиімділігін арттыру үшін еңбекті ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізу;
- әлемдік шаруашылықтың жаһандануымен байланысты шаруашылық байланыстарды дамыту.

Сонымен қатар, шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі қағидалары да анықталған:

1) экономикалық мақсаттылық қағидасы (сала немесе мемлекет үшін өткізудің тиімділігі және табыстылығы);

2) экономикалық және экологиялық қауіпсіздік қағидасы, яғни инвестицияны жүзеге асыруда келесі талаптар бұзылмауы тиіс:

- табиғи ресурстарды тиімді пайдалану;
- экологияға қауіп туғызуға жол бермеу;
- мемлекеттен заңсыз түрде капиталды алып шығуға тиым салу;
- ескі техника мен технологияны енгізуге тиым салу.

1990 жылдарда шетел инвесторлары инвестицияларды капиталды көп қажет етпейтін тез өтелетін инвестициялық жобаларға, әсіресе саудаға, қоғамдық тағамға, өңдейтін өнеркәсіп салаларына салған. Сол уақытта капиталды көп қажет ететін салаларға, сонымен бірге ғылыми-техникалық прогрестің дамуын анықтайтын салаларға инвестициялардың көлемі аз болатын. Қазақстандағы шетелдік тікелей инвестициялардың маңызды көлемі отын өнеркәсібіне келді, себебі ол дамыған және басқа мемлекеттерге өнімді экспорттауға бейімделген. Осы жағдайда

шетел инвесторлары өздерінің мемлекеттерін шикізатпен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге көмектесті.

ҚР-да шетел инвестицияларын тарту 1992 жылдан басталды. Алғашқы экспорттау кешенін – Австрия мен Германия Үкіметтері берді.

1992-1995 жылдары ҚР шет елден техникалық көмек түрінде 270 млн доллар алды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін 1994 жылы қаржылық экономикаға өту кезінде Қазақстанның экономикалық жағдайы келесі факторлармен сипатталды:

- инфляцияның 15-50%-ға кемуімен;
- ірі компаниялардың банкротқа ұшырауымен.

1993-1995 жылдар аралығында республика экономиканы жүйелі қайта құруды жүргізу және макроэкономикалық тұрақтылық пен реформаны қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша Халықаралық валюта қорымен келісім жасады.

1994 жылы қазан айында парламент «Инфляция туралы» заң қабылдады. Осы заңмен біздің экономикалық салаларымызға байланысты инвесторларға келесідей құқықтар берілді:

- пайданы еркін қолданып, шетелдік банктерде шот ашуларына рұқсат етілді;
- инвесторларға өздерімен бірге мамандарды шетелден әкелуге рұқсат берді;
- жабдықтарды, компьютерлерді әр түрлі салық салулардан босатты.

Тікелей инвестицияның алғышарты оның мемлекеттік қарызға әсер етпеуінде, ал, халықаралық органдардан алынған займдар үкіметтің кепілдігімен алынады.

Шетел инвесторларының саяси қағидалары:

- экономикалық пайданың тиімділігі;
- экономикалық және экологиялық қауіпсіздендіру;
- экологияға зиян келтірмеу;
- капиталды мемлекеттен шығару;
- ескірген техникамен жұмыс жүргізбеу;
- инвестордың сенімді серіктесі болу.

Игерілген шетелдік тікелей инвестициялардың едәуір бөлігі мұнай, газ, түсті металл, энергетика салаларына бөлінді. Сонымен қатар, Қазақстанда шетел инвесторларының көптеп келуіне әсер ететін жағдайлар бар. Мысалы, бай минералдық шикізат көздері, көптеген табиғи жер ресурстары, яғни, түсті және қара металлургия, химия және мұнай химиясы. Еліміздегі өнеркәсіптік қуаттылық пен халықтың білім деңгейі жеткіліксіз мамандандырылған кадрларды қамтамасыз етті. Негізінен елімізге барлық инвестицияның 80%-і шикізатқа мұнай өңдеу, газ, қара және түсті металлургия мен энергетика саласына келді.

2018 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 21,6%-ке артып, 7,5 трлн теңгені құрады. Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 15,4%-ке ұлғайып, 12,3 млрд долларды құрады. Атап айтқанда өсім келесі салаларда байқалды: тау-кен өнеркәсібі – 6,7 млрд доллар (өсім 13,6%), көлік – 393,3 млн. доллар (өсім 21,7%), сауда – 2,0 млрд теңге (өсім 37,3%), қаржылық және сақтандыру қызметі – 359,5 млн доллар (өсім 1,7 есе), ақпарат және байланыс – 124,2 млн доллар (өсім 5,7 есе).

Ұлт жоспары – 100 нақты қадам аясында ТҰК-ды тарту жұмыстарын белсенді түрде жүргізуде. Шамамен 10,6 млрд. доллар болатын 34 жобадан ТҰК жобаларының тізімі жасалды (12 жоба іске асырылуда, 22 жоба ұысынылуда).

Жалпы сомасы 1,4 млрд доллар болатын 12 жоба іске асырылу сатысында, оның ішіндегі құны 1 млрд доллар болатын 8 жоба қарқынды түрде іске қосылуда. Маңызды жобалардың арасынан инвестиция көлемі 83 млн доллар Техникалық газ өндіретін немістің Linde Group компаниясын, инвестиция көлемі 165 млн доллар картоп өңдейтін голландиялық фирманы, инвестиция көлемі 70 млн доллар жоғары сапалы әк өндіретін бельгиялық Carmeuse Group компаниясын, инвестиция көлемі 220 млн. доллар сода күлін өндіретін түріктің Yildirim Holding компаниясын, инвестицияларының көлемі 194 млн доллар болат құбырларын шығаратын қытайдың CNPC және цемент өндіретін China Gezhouba Cem компаниялары.

Жалпы сомасы 9,2 млрд АҚШ долларын құрайтын 22 жоба ұсынылуда. Бұлардың арасынан майлауға арналған жоғары сапалы май өндіретін қытайлық Citic Group, алюминий өнімдерін шығаратын жапондық Nipacans, өсімдік майын өндіретін Marubeni, француздық фармацевтикалық препараттар өндіретін Servier жобаларын атауға болады.

Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны құрылымында Нидерланды (жалпы ТШИ түсуі 39,9 %) көш бастап тұр, одан кейін Франция (7,8), Қытай (5,9), АҚШ (5, кейін 2 %), Ұлыбритания (4,6), Ресей (3,9), Виргин (British) аралдары (3,3) және Жапония (3,1). Қазақстан экономикасына инвестицияны 120-дан астам ел құяды.

2.4

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық климат және оған әсер етуші факторлар

Қай елде болмасын инвестицияның келуі инвестициялық климат дәрежесіне және оны анықтайтын факторларға тікелей байланысты. Инвестициялық климатты дайындау шетел инвестицияларын тарту мен пайдалану саясатының *негізгі міндеттері* болып табылады. Себебі, *біріншіден*, инвестициялық климат шетел инвестицияларына әсер ететін факторларды анықтауға; *екіншіден*, мемлекеттегі жағдайларды тереңірек бағалауға; *үшіншіден*, шетел субъектілерінің мінез-құлықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Инвестициялық климат мемлекеттік, аймақтық, салалық инвестициялық қызмет жағдайларын анықтайтын нормативтік-құқықтық актілер, ұйымдық, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және тағы басқа да бір-бірімен байланысты факторлар әсерінен қалыптасады. Яғни, инвестициялық климатты бірқатар көрсеткіштер арқылы бағалауға болады, олар:

- экономикалық жағдай;

- банк жүйесінің тұрақтылығы;
- саяси тұрақтылық;
- табиғи және еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету;
- инвестициялық қызметтің құқықтық реттеу дәрежесі және нормативтік-құқықтық актілердің болуы;
- инфляция қарқыны;
- сыртқы экономикалық байланыстар дәрежесі;
- білікті жұмыс күшінің болуы;
- мемлекеттік нарық әлеуетінің сипаты;
- нарық инфрақұрылымының және валюта нарығының дамуы.

Шетелдік инвесторлар осы көрсеткіштерді бағалап мемлекеттегі инвестициялық климатты *жағымды* немесе *жағымсыз* екендігін анықтайды. Егер инвестициялық климат жағымды болса, инвестиция бойынша шешім қабылдайды.

Инвестициялық климат инвестициялық саясаттың әсер ету объектісі болып табылады. Бұл бір жағынан инвестициялық саясатты жасау үшін алғашқы жағдайларды анықтаса, ал екінші жағынан инвестициялық саясаттың нәтижесі болып табылады.

Шетелдік капиталды импорттайтын елдер инвестицияны белгілі бір себепке байланысты қажет етеді:

- елдің экономикалық дамуын қаржыландыруда қаражат жетпеушілігі мен халықтың жұмысбастылық деңгейін көтеру үшін қажет етеді;
- аймақтық шаруашылық құрылымдарды жетілдіру және жаңа техника мен технологияларды алу, бәсекеге қабілеттілікті көтеру үшін тартады.

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық климатты келесідей факторлармен сипаттауға болады:

Саяси фактор – мемлекеттік саясат, халықаралық келісімдер, заңнамалық және атқару құрылымдарының тұрақтылығы мен мемлекеттің экономикаға қатысу деңгейі.

Қаржы-экономикалық фактор – экономиканың жалпы жағдайы, валюта-қаржылық және несие жүйелерінің жағдайы, кедендік төлемдер мен жұмыс күшін пайдалану деңгейі.

Әлеуметтік фактор – әлеуметтік даулардың болуы, елдегі қылмыстық жағдай және халықтың өмір сүру деңгейі.

Инвестициялық климаттың факторлары жағымды және жағымсыз болып бөлінеді

Жағымды факторлар:

- табиғи ресурстарға оңай қол жеткізу;
- елдің тиімді геостратегиялық орналасуы;
- қаржы-экономикалық трансформациялау бойынша ТМД елдері үшін де жетекші рөл атқаруы:

- нарықтың жоғары мүмкіндіктері;
- елдің сыртқы саясаты.

Жағымсыз факторлар:

- инвестиция тарту тетігі;
- инвестициялау тәуекелділігі.

Қазіргі кездегі мемлекеттің табыстылығы мен бәсеке қабілеттілігін айқындайтын маңызды өлшемдердің бірі инвестициялық климат болып табылады. Мемлекеттердің шетелдік инвестицияларды тарту құқығына бәсекелестік күресте климаттық жағдайлар, еңбектің мәдени дәстүрлері мен ерекшеліктері және тағы сол сияқты елеусіз, кейде экономикаға байланысты емес факторлар үлкен мүмкіндіктерге ие болады. Сонымен бірге, инвестициялық климатты айқындайтын басты факторлардың бірі салық және кеден режимдері болып табылады.

ҚР-ның салық және кеден режимдері Қазақстанның экономикасына инвестициялау үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Бұл ретте Қазақстан Үкіметі республика экономикасының шикізаттық емес секторына сыртқы да, ішкі де инвестицияларды ынталандыру үшін барлық қажетті алғышарттарды жасады.

Қазақстан Үкіметі басымдықтарының бірі Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру болып табылды. 2015 жылғы 27 шілдеде ДСҰ-ның Бас кеңесінің отырысында ҚР-дың ДСҰ-ға кіруі жөніндегі құжаттар пакетін ұйымның барлық мүшелері қабылдады және Мемлекет басшысының қатысуымен Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттамаға қол қою рәсімі болды.

Қазақстан 2015 жылғы 30 қарашада ҚР Парламенті міндеттемелер пакетін ратификациялағаннан соң, ДСҰ-ның 162-ші мүшесі болды.

Бұл ұйымға қатысу Қазақстанның инвестициялық жағдайын анағұрлым тартымды етуге мүмкіндік туғызды. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Кеден кодексі ДСҰ-ның кедендік рәсімдерін оңайлату жөніндегі конвенцияның негізінде жасалғандықтан, ол ДСҰ-ның негізгі талаптарына жауап береді. Сонымен қатар, кеден заңнамасын ДСҰ Келісімінің кедендік бағалау жөніндегі нормаларына одан әрі сәйкес, сондай-ақ шыққан елі белгіленбеген тауарлар бойынша импорттық кеден баждары мөлшерлемелерін екі есе мөлшерде төлету тәжірибесін алып тастауға қатысты ДСҰ ұсынатын талаптарға сәйкес жасау қажет. Осы мақсат үшін Қаржы министрлігі «Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасын әзірлеп, ҚР-ның кеден заңнамасына өзгертулер жасады. Бұл заң кеден органдарының қызметіне халықаралық стандарттарды енгізуге, ҚР-ның кеден заңнамасын Қазақстанның негізгі серіктес мемлекеттерінің заңнамасымен үйлестіруге бағытталды.

Бұдан басқа, сенімділік және кедендік рәсімдеу үдерісін тездету, бақылау сапасын арттыру, жүктерге рұқсат етілмеген кідіртулерді төмендету, бөгде салымдарды анықтау, кедендік бақылау тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында түрлі контейнерлерді жабық күйінде тексеру үшін Қаржы министрлігі инспекциялық тексеру кешендерін орнатты.

Осы жүйелер, негізінен, кедендік бақылаудағы тауарларды жеткізуде бақылау тиімділігін арттыру, сондай-ақ кедендік бақылау жүргізу кезінде «адам факторын» мүмкіндігінше қоспауға арналған.

Сондай-ақ, автомобильдермен жүк тасымалдау, тауарларды жеткізуді бақылаудың автоматтандырылған жүйесін орнату саласында қазіргі заманғы техникалық, кедендік бақылау құралдарын енгізу жөнінде белсенді жұмыс жүргізілді.

Жүктерді тексеруден өткізу рәсімдерін оңайлатуға, тексеруден өткізу уақытын азайтуға, сыртқы сауда айналымының

деңгейін және еліміздің бюджетіне түсетін түсімдер сомасын арттыруға мүмкіндік берді.

Қаржы министрлігі инвестициялық климатты жақсартуға барлық қажет күшін салуда, бұл Елбасымыздың алға қойған Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елінің қатарына кіру жөніндегі мәселесін орындауға мүмкіндік береді.

Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты – экономиканың дамуы үшін қолайлы инвестициялық климат жасау және осы заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістер құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жаңартуға, қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыруға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға инвестицияларды ынталандыру болып табылады.

Сондай-ақ инвестицияларды мемлекеттік қолдау инвестициялық преференциялар беру болып табылады. *Инвестициялық преференциялар дегеніміз* – ҚР-сында инвестициялық жобаның іске асырылуын жүзеге асырушы заңды тұлғаларға ҚР-ның заңдарына сәйкес берілетін атаулы сипаттағы артықшылықтары.

Келісім-шарт жасасу арқылы келесідей инвестициялық преференциялардың түрлері қалыптасқан:

- инвестициялық салықтық преференциялар;
- кеден баждарын салудан босату;
- мемлекеттік мүлктік гранттар.

Инвестициялық преференциялар қызметтің басым түрлеріне беріледі, олардың тізбесін экономикалық қызмет түрлерін жалпы жіктелінуі деңгейінде ҚР-ның Үкіметі бекітеді. Үкімет қызметтің әрбір басым түрі бойынша инвестициялардың ең жоғары көлемін және инвестициялық салықтық преференциялардың қолданылу мерзімдерін бекітеді, бұл ретте инвестициялық преференцияларды уәкілетті орган береді.

Инвестициялардың белгіленген ең жоғарғы көлемінен олар асырылып жіберілген жағдайда, қолданылатын инвестициялық салықтық преференциялардың қолданылу мерзімдері ҚР-сы Үкіметінің тиісті шешімін қабылдау жолымен белгіленеді. Инвестициялық преференциялар инвестициялық жобаның атқа-

рылуын жүзеге асыратын ҚР-ның заңды тұлғасымен келісім-шарт жасасу арқылы беріледі.

Инвестициялық салықтық преференциялар әрбір жекелеген жағдайда қызмет түрлеріне және тіркелген активтерге салына-тын инвестициялардың көлеміне байланысты белгіленген мерзімге беріледі. Оның қолданылу уақыты ҚР-ның Салық Кодексіне сәйкес келісім-шартта белгіленеді. Заңды тұлға жүзеге асыратын, арнаулы салық режимі қолданылатын қызметке, ҚР-ның заңды тұлғасына мемлекеттік мүліктік грант түрінде берілген тіркелген активтерге, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша қызметке қатысты инвестициялық салықтық преференциялар берілмейді.

Кеден баждарын салудан босату инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінетін жабдықтар мен олардың жиынтықтаушы мүліктерінің импорты кезінде ұсынылады. Ол келісім-шарттың қолданыс мерзіміне, келісім-шарт тіркелген кезден бастап 5 жылдан аспайтын мерзімге ұсынылады. Қабылданған шешім туралы хабарламаны уәкілетті орган 5 жұмыс күні ішінде кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жібереді.

Мемлекеттік мүліктік гранттарды заңда белгіленген тәртіппен уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті және жер ресурстарын басқару саласындағы тиісті мемлекеттік органдармен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша инвестициялық міндеттемелер келісім-шартқа сәйкес орындалған жағдайда, кейіннен меншікке не жер пайдалануға өтеусіз бере отырып, уақытша өтеусіз пайдалануға не уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен береді. Ұсынылған мемлекеттік мүліктік грантты меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз беру үшін уәкілетті органның шешімі негіз болады. Мемлекеттік мүліктік гранттар ретінде: жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшейтін және реттейтін құралдар мен құрылғылар, көлік құралдары (жеңіл автокөлікті қоспағанда), өндірістік және шаруашылық құрал-жабдықтары берілуі мүмкін.

Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанға маңызды қаржылық

ресустардың көлемі тартылды және экономика салаларында инвестициялық табыс үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

1994-2019 жылдар аралығында мемлекеттің экономикасына 265 млрд доллар сомасында тікелей шетелдік инвестициялар тартылды. Шетелдік инвестициялардың тартылуының алғышарты ретінде құрылымдық инвестициялық саясатты жетілдіру мақсатында 1997 жылы 2 маңызды заң қабылданған болатын:

- «Тікелей инвесторларды мемлекеттік қолдау туралы» ҚР Заңы;
- «Сыртқы қарыз алу мен басқару туралы» ҚР Заңы.

Қазақстан Орталық Азиядағы тікелей инвестицияларды тарту үлесі бойынша шамамен 70%-ды құрайды. Ал, ТМД елдері арасында көш басында келеді. Осыған байланысты Қазақстандағы инвестициялық климатты жақсы деп есептеуге болады.

Еліміздің инвестициялық климатын жақсарту, оны насихаттау мақсатында іскер топ өкілдерінің сапарларын, екі жақты кездесулер, бизнес-форумдар және ынтымақтастықтың өзара тиімді басқа да шараларын ұйымдастырып отыруға мән беріледі.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. *Инвестициялық қызмет дегеніміз не? Оған анықтама беріңіз?*
2. *Инвестициялық қызметті реттейтін заңдарды атаңыз.*
3. *Инвестициялық қызметті құқықтық реттеу.*
4. *Даму институттарының тұрақты жұмыс істеуіне негізделген қағидаларды атаңыз.*
5. *Шетелдік тікелей инвестициялар дегеніміз не?*
6. *Инвестициялық климатты бағалау көрсеткіштерін атаңыз.*
7. *Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты қандай?*
8. *Инвестициялық климаттың жағымды және жағымсыз факторларын анықтаңыз.*
9. *Инвестициялық салықтық преференция дегеніміз не?*
10. *Инвестициялық преференцияның түрлерін атаңыз.*

3. МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ- ЛЫҚ САЯСАТЫ

3.1

Инвестициялық саясат түсінігі және оның қағидалары

Инвестициялық саясат мемлекеттің экономикалық саясатының бір бөлігі, сонымен қатар, мемлекеттің экономикасына, шаруашылық субъектілерінің кәсіпкерлік қызметіне әсер етуші құрал.

Мемлекеттің инвестициялық саясаты – бұл инвестициялық қызметті жандандыру, экономиканы көтеру, өндірістің тиімділігін арттыру, әлеуметтік мәселелерді шешу және басқа да әр түрлі жағдайларды жасау бойынша шаралар жиынтығы.

Мемлекеттің инвестициялық саясаты арқылы өндіріс саласын кеңейтуге, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, қоғамдық өндіріс құрылымын өзгертуге және басқа да көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуге болады. Сондықтан да, инвестициялық саясат бюджет тапшылығын болдырмауға, орталықтандырылған инвестиция көздерін қысқартуға, керісінше орталықтандырылмаған көздер есебінен инвестицияларды қаржыландыруға бағытталуы тиіс. Себебі, еліміздің өндірістік әлеуетінің өсуі, еркін экономикалық аймақтардың дамуы, экологиялық мәселелердің шешілуі, өндірістік материалдардың және рухани игі көздер көлемінің ұлғаюы және сапалы болуы, сонымен қатар нарықтық инфрақұрылымның жеке дамуы осы инвестициялық саясатқа тікелей байланысты болып келеді.

Инвестициялық саясатты бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады:

- амортизациялық саясат;
- ғылыми-техникалық саясат;
- шетел инвестицияларын тарту бойынша саясат;

- салық саясаты.

Амортизациялық саясат – мемлекет амортизациялық аударымдарды есептеу мен пайдалану тәртібін бекіте отырып, ұдайы өндіріс жылдамдығын және сипатын реттеуі.

Амортизациялық саясатты жүргізу барысында мемлекет келесідей қағидаларға сүйенеді:

- инфляция жағдайында негізгі қорлардың қайта бағалануы (дұрыс және уақытында жүргізілуі);
- амортизация нормалары негізгі қорлардың функционалдық мағынасына байланысты әр түрлі болуы және олардың моралдық, физикалық тозуы дұрыс есептелуі тиіс;
- амортизация нормалары тек жай өндіріске ғана емес, сонымен қатар ұдайы өндірісті кеңейтуге арналуы тиіс;
- амортизациялық саясат негізгі қорларды жаңартуға және ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге жағдай жасауы тиіс.

Мемлекеттің *ғылыми-техникалық саясаты* – ғылыми-техниканың дамуы және олардың нәтижелерін халық шаруашылығына енгізетін шаралар жүйесі.

Инвестициялық саясат ғылыми-техникалық саясатпен өте тығыз байланысты. Ғылыми-техникалық үдерісті жеделдету экономикалық өсудің негізгі факторы болып табылады және мемлекетті индустриалды мемлекетке өзгеруіне мүмкіндік береді. Мысалы, Жапонияның қысқа мерзімде әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекет болуына екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдердегі ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуі және мемлекет саясатының дұрыс жүргізілуімен байланысты.

Шетел инвестицияларын тарту бойынша саясат – қолайлы инвестициялық климат құру арқылы мемлекетке шетел инвестициясын тарту болып табылады.

Қазақстан өзінің шетел инвестицияларын тарту бойынша саясатында инвесторлармен қарым-қатынаста тұрақтылық және ашықтық қағидаларын, инвесторлардың мүдделерін қорғау, жергілікті және шетел инвесторлары үшін теңдей жағдай жасау, жасалған келісім-шарттардың тұрақтылық қағидаларын жетік қарастырған.

Салық саясаты – белгілі бір жеңілдіктер беру арқылы инвестициялық саясатқа әсер ету, сонымен қатар салықтық және кедендік баж салығы бойынша ынталандыру мен жеңілдіктер беру болып табылады.

Сонымен қатар, инвестициялық жобаны іске асыруға қажетті импорттық құрал-жабдықтар, шикізаттар және басқа да материалдар кеден бажынан жартылай босатылған.

ҚР Елбасының экономиканы орнықты дамытудың іргетасы ретінде экономиканы одан әрі жаңғырту және әртараптандыру бойынша жолдауына сәйкес салық жүйесінің ынталандырушы сипатын күшейту бағытында өзгерістер енгізілді.

Елімізде ЭБДҰ елдерінің үздік стандарттарына және тәжірибелеріне сәйкес инвестициялық климатты құрудың іргелі жолдарын жүзеге асырылуда.

«Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне» сәйкес инвесторларға экономиканың басым салаларында келесідей инвестициялық жеңілдіктер мен преференциялар қарастырылған:

- инвестициялық жобаны іске асыруға қажетті жабдықтарды, компоненттерді, шикізатты және қосалқы бөлшектерді әкелу кезіндегі кедендік баждарды төлеуден босату;
- мемлекеттік заттай гранттар (жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар және құралдар, есептеуіш техникасы, өлшейтін және реттеуші аспаптар мен жабдықтар, жеңіл автокөліктен басқа көлік құралдары, өндірістік және шаруашылық құрал-жабдықтары).

Қосымша 2 млн АЕК-тен (13 млн АҚШ доллары шамасында) кем емес және экономиканың басым секторларында іске асырылып жатқан инвестициялық жобалар бойынша мемлекетпен жеке инвестициялық келісім-шарт жасасу мүмкіндігіне сәйкес инвесторға жаңа ынталандыру жиынтығы қол жетімді:

- КТС және жер салығы (10 жыл) және мүлік салығы (8 жыл) бойынша салықтық (10 жыл), жеңілдіктер;
- салықтық мөлшерлемелердің (ҚҚС пен акциздерден басқа), экологиялық алымдар мен төлемдердің 10 жыл мерзімге тұрақтылығы;

- инвестициялық субсидия – инвестордың 30% дейінгі капиталды шығындарының өтемақысы;
- жобаларды іске асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуды оңайлату.

Қазақстандағы инвестициялық қызмет барысында туындайтын шетелдік инвесторлардың проблемалық мәселелерін жедел шешу мақсатында диалог алаңдары құрылып, ҚР Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі, ҚР-ның Премьер-Министрі жанындағы Инвестициялық климатты жақсарту жөніндегі кеңес табысты қызмет атқаруда. ҚР-да инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Инвестициялық Омбудсмен институты құрылды. Ол инвесторлар мен мемлекет арасындағы инвесторлардың соттан тыс және сотқа дейінгі тәртіптегі ағымдағы мәселелерін шешу үшін олардың өзара әрекеттесу платформасы ретінде қызмет етеді.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР-ның Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы ҚР-ның Заңы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI ҚР заңына сәйкес ҚР-ның инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін инвестициялар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған келісім-шарттар бойынша инвестициялық салық преференциялары 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған ҚР-ның заңнамасына сәйкес айқындалған олардың қолданылу мерзімі өткенге дейін сақталады деп белгіленді.

ҚР-ның инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін инвестициялар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған инвестициялық стратегиялық жоба бойынша салық преференциялары 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған ҚР-ның заңнамасына сәйкес айқындалған олардың қолданылу мерзімі өткенге дейін сақталады деп белгіленді.

ҚР-ның инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін инвестициялар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған инвестициялық басым жоба

бойынша ҚР-ның салық заңнамасы тұрақтылығының кепілдігі 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған олардың қолданылу мерзімі өткенге дейін сақталады деп белгіленді.

Мұның бәрі экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту және оны әртараптандыру үшін шынайы ынталандыруға арналған. Бұл жеңілдіктер жойылмай және салық салынатын база кеңейтілмей, салықтық жүктемені азайту есебінен ғана іске асырылады.

Жалпы дамыған елдердің салық саясаты экономикаларды жаһандандыру және салықтық бәсекені күшейту жағдайларында капиталдан алынатын кіріске салық салуды төмендету үрдісімен, салық салу ауыртпалығының неғұрлым аз объектілерді тұтынуымен материалдық меншікке ауыстырылумен сипатталады.

Салық саясатын одан әрі дамыту оның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және оның жаһандық үдерістердің қыр көрсетулерінің тиімділігіне бағытталады.

Салық саясатын жетілдірудің *негізгі бағыттары* келесілер:

- салық салудың қолданыстағы жүйесін талдау және бағалау негізінде әлемдік тәжірибені ескере отырып, экономика секторларында қолданыстағы жеңілдіктер мен преференцияларды қайта қарау және тиімсіз жеңілдіктерді, өз мақсаттарына жұмсалатын жеңілдіктерді, сондай-ақ салық жүйесінің тарапсыздығын бұзатын жеңілдіктерді жою жөнінде ұсыныстарды тұжырымдау;
- кәсіпкерлік орта үшін маңыздылардың бірі болатын корпорациялық табыс салығын азайту;
- халықтың әлеуметтік бөлігіне жүктеме деңгейін сақтауды ескере отырып, орта мерзімді кезеңде салық ауыртпалығын заңды тұлғалардың кірісінен жеке тұлғалардың кірісіне кезең-кезеңімен қайта бөлу жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;
- инвестициялық преференцияларға қол жетімділікті оңайлату;
- салықтық және кедендік рәсімдерді одан әрі оңайлату, сондай-ақ олардың ашықтығын арттыру.

Бұл бағыттар Қазақстанның халықаралық деңгейдегі салықтық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, экономиканың шикізаттық емес секторы қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын ұсынудың қолданыстағы тетігі бірқатар маңызды басымдықтарға ие. «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының заңында тең дәрежеде отандық та, шетелдік де инвесторларды қолдау мен ынталандыру көзделген, инвестициялық преференцияларды беру тәртібі жеңілдетілген, оған сәйкес инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінішті қарау мерзімі елеулі қысқартылған (30 жұмыс күніне дейін).

Жоғары қосылған құн салығы бар өнімді, жоғары технологиялық өнімді құруға бағытталған компаниялар үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жаңа өндірістерді дамытуды ынталандыру, қолданыстағы өндірістерді кеңейту және жаңарту үшін салық кодексінде инвестициялық салықтық преференцияларды беру көзделген, оларды алып салық төлеуші инвестициялық жобаны іске асырумен байланысты корпоративтік табыс салығын, мүлікке салынатын салық пен жер салығын есептеу бойынша салық жағдайларына құқығы бар.

Инвестициялық салықтық преференциялар тіркелген активтерге салынатын инвестициялар көлеміне байланысты белгіленеді, бірақ 5 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Бұл ретте, қызмет түрлеріне және тіркелген активтерге салынатын инвестициялар көлеміне байланысты корпоративтік табыс салығы бойынша преференциялардың қолданылу мерзімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша 10 жылға дейін ұзартылған.

Айрықша тәртіп бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығы сомасын 50%-ке азайтуды білдіреді.

Бұл өзгерістер бизнеске салынатын салық ауыртпалығының деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді және компанияларға тауарлар өндіру мен қызметтерді көрсетуге, айналым капиталын толықтыруға, негізгі қорларды жаңартуға инвестиция жасау үшін қосымша қаржылық мүмкіндіктер береді.

Инвестициялық *саясаттың негізгі мақсаты* – отандық экономиканың өсуіне және қоғамның өндіріс тиімділігін көтеруге бағытталған инвестициялық қызметті белсендендіру болып табылады.

Мемлекеттік *инвестициялық саясаттың қағидалары* келесідей анықталған:

- инвестициялық басымдықты таңдау;
- экономикалық мақсаттағы сәйкестік және қауіпсіздіктің болуы;
- инвестицияларды қаржыландыру көздерінің көптігі және жеке капитал рөлінің өсуі;
- бюджеттік қаржы қайтарымдылығының жоғары болуы, яғни инвестицияларды қайтарымсыз бюджеттік қаржыландырумен несиелеу және қарыз беру;
- әлеуметтік-экономикалық тиімділік пен қайтарымдылықтың болуы;
- меншіктің түрлі формаларының дамуы негізінде инвестициялық саланы орталықсыздандыру;
- инвестициялық белсенділікке экономикалық және ұйымдастырушылық ықпал етуді қолдану.

Сондай-ақ *инвестициялық саясаттың міндеттері* деп келесілерді атап өтуге болады:

- қаржы-несие саласын түрлендіру, инфляцияға қарсы шараларды жүзеге асыру және төлемсіздік дағдарысын шешу;
- бәсекеге қабілетті экономикалық ортаны құру;
- құрылымдық қайта құруды жүзеге асыру және тиімді ұлттық экономиканы құру;
- жоғары технологияларды енгізу негізінде өндірісті жетілдіру;
- нарық инфрақұрылымының дамуы және институционалдық түрлендіру;
- инвестициялық климатты жақсарту және қор нарығын дамыту мақсатында заң шығаруды жетілдіру;
- салық жүйесін, несиелерді, кеден, баж салықтарын пай-

далана отырып, инвестициялық белсенділікті экономикалық реттеудің жаңа және нарықтық әдістерін енгізу.

Мемлекеттік инвестициялық саясаттың *стратегиялық мақсаты* экономикалық өсудің нақты, тұрақты және үдемелі қарқынын, прогрессивті құрылымдық жылжуды, өндірістің модернизациясын қамтамасыз ете алатын, әлеуметтік мәселелерді және елдің экономикалық қауіпсіздігі мәселесін шеше алатын инвестициялық ресурстарды құру мен тиімді пайдалану үшін ұйымдастырушылық-экономикалық және нормативтік-құқықтық жағдай туғызу болып табылады.

Инвестициялық саясаттың құрылымы келесілерден тұрады:

- салықтар және салықтық жеңілдіктер;
- несие саясаты;
- кәсіпорындар мен ұйымдардың инвестициялық қызметін реттеу формалары мен құралдарын таңдаудағы банктің функцияларын кеңейту;

- амортизациялық саясат;
- монополияға қарсы шаралар;
- инвестициялармен танысу;
- орталықтандырылған инвестициялау;
- жер мен жер қойнауы ресурстарын пайдалану шарттары;
- бағалы қағаздар шығару және олардың айналымы.

Инвестициялық белсенділікті ынталандыру тетігі салықтық, бюджеттік және қаржы-несиелік реттеу құралдарының жиынтығына ие болуы және экономиканы инвестициялау үшін қажетті қаржыны көбейтуге ықпал етуі.

Инвестициялық саясатты жүргізудің бағыттары:

- халық қажеттілігін қанағаттандыру үшін өндірісті оңтайландыру;
- қоршаған ортаға зиян келтірмеу жағдайында табиғи ресурстарды аз мөлшерде пайдалану.

Инвестициялық саясаттың құрылымдық элементтері:

- инвестицияны қаржыландыру көздері мен әдістерін таңдау;

- инвестициялық саясатты жүзеге асыратын органдардың болуы;
- инвестиция нарығында қызмет ету үшін қажетті нормативтік-құқықтық негізді салу;
- инвестиция тарту үшін жағымды жағдайлар жасау.

Инвестициялық саясаттың тиімділігі инвестициялық климатты жағымды жаққа қарай өзгерту дәрежесімен анықталады.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енуі үшін жаңа инвестициялық толқынның берері мол. Қазіргі уақытта Қазақстан шетелдік инвестицияның адам басына шаққандағы түсімі бойынша ТМД елдері арасында ең алдыңғы орынды иемденіп отыр. Экономикалық үдерістерді басқару қағидасының жүйесі Қазақстанның инвестициялық саясатының үлкен басымдылықтарына ие екендігін көрсетеді.

3.2 Мемлекеттің инвестициялық саясатты жүзеге асыру бағыттары

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуына бағытталған инвестициялық саясатты жүргізу инвестициялық бағдарламаларға сәйкес; мемлекеттік инвестицияларды, бюджеттік қаржы бөлулерді және бюджеттен тыс қорды тікелей басқаруда; сараланған проценттік мөлшерлемелер мен жеңілдіктерді енгізуде; экономиканың нақты жағдайына қатысты өлшенген қаржылық баға (мемлекеттік секторда), сонымен қатар несие саясатын жүргізуде; инвестициялық жобаларды тиісінше сараптау жағдайларында жүзеге асырылады.

Мемлекетаралық масштабтағы құрылымдық-инвестициялық саясаттың басты бағыттары:

- экономиканың мемлекетаралық интеграциясы (Еуразиялық одақ);

- инвестициялық саясатты жасау және жүзеге асырудағы ынтымақтастықты ұйымдастыру;
- шаруашылықтың нарықтық жағдайында келісілген өзара байланысты құрылымдық-инвестициялық саясатты қайта құру;
- тәуекелдерден инвесторларды қорғау (кепілдемелер, сақтандыру және т.б.).

Инвестициялық саясатты жүргізудің алғышарты ретінде 1997 жылы 28 ақпанда «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» ҚР-ның заңы қабылданды. Бұл заң мемлекеттегі тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау үдерісіндегі пайда болатын қатынастарды реттеді. Сонымен қатар, шетел инвесторларының құқығын және ҚР-ның аумағында инвестициялық қызметті ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекітті. Тікелей инвестицияларды *мемлекеттік қолдаудың құрылымын* келесідей қарастыруға болады:

- инвестициялық қызметті қамтамасыз етудің заңдық кепілдіктері;
- инвестициялық қызметті жүзеге асырумен байланысты белгілі бір жеңілдіктер немесе артықшылықтар жүйесінің болуы;
- инвесторлардың мүддесін қорғайтын арнайы мемлекеттік органның болуы;
- ҚР Үкіметінің халықаралық ұйымдармен бекіткен келісімдері және белгілі бір нормативтік-құқықтық актілері негізінде саяси тәуекелдерді жабу кепілдігін беруі.

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау экономиканың басыңқы секторында жүзеге асырылды. Экономиканың басыңқы секторларын ҚР-ның Президенті бекітеді. Осыған сәйкес 1998 жылдың 5 сәуір айында тікелей «Отандық және шетел инвестицияларын тарту үшін ҚР-ның экономикасының басыңқы секторларының тізімін бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы шыққан.

Жарлықтағы *басыңқы секторларға* жататындар:

- өндірістік инфрақұрылым;
- өңдеуші кәсіпорын,

- ірі қалаларға құрылыс объектілері;
- үй ғимараттары;
- әлеуметтік орындар мен туризм объектілері;
- ауыл шаруашылығы.

Инвестициялық үдерістегі мемлекеттің рөлі орталықтандырылған және орталықтандырылмаған салымдардың мемлекеттік саясатын жүзеге асырады. Сондай-ақ, мемлекеттің функциясы икемді экономикалық саясатты жүргізу, нарықта қаражаттардың қозғалысын реттеу, мемлекеттік бағалы қағаздардың проценттік мөлшерлемесін басқару жолымен инвестициялық үдерісті реттеу болып табылады.

Тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды экономиканың басыңқы секторларына тартуды ынталандыру, мемлекеттік инвестицияларды пайдалануды оңтайландыру және оның тиімділігін арттыру мен ішкі жинақтарды жұмылдыру саясаты жалғаса береді береді. Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру және инвестициялық жағдайды жақсарту үшін қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Басыңқы өндірістердің инвестициялық тартымдылығын арттыру шеңберінде мемлекет:

- миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуге;
- кәсіпорынды тіркеудің жеңілдетілген жүйесін енгізуге;
- қызмет түрлерін лицензиялаудың ашық жүйесін құруға;
- кәсіпорындардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына көшуін жеделдетуге;
- ұлттық инновациялық жүйені – экономикалық дамуды басқарудың жаңа жүйесін дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыруға;
- мемлекеттік даму институттарының жұмысын үйлестіру бойынша іс-әрекетті жандандыруға, олардың қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталған шараларды одан әрі қабылдайтын болады.

Қазіргі уақытта бюджеттік инвестициялардың қосымша басыңқы секторлары:

- мемлекеттік басқару функцияларын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік секторды дамыту;
- базалық инфрақұрылымды дамыту;
- аграрлық секторды дамытуға жәрдемдесу;
- Астана қаласын дамыту болып табылады.

Сондай-ақ шағын бизнес субъектілеріне несие беру мүмкіндіктерін ұлғайтуға және инновациялық жүйені дамытуға ықпал ететін даму институттары қосымша капиталдандырылады.

Мемлекеттің инвестициялық саясатында кедергінің жоқтығынан шетел инвесторларының – Қазақстанның тек шикізат саласына ғана емес ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, туризм, телекоммуникация, тау-кен саласы және білім, медицина салаларына да инвестиция салуларына мүмкіндіктері бар.

3.3

Инвестициялық саясатты жүзеге асырушы органдар

1998 жылдың 8 қарашасында ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР-ның инвестиция бойынша мемлекеттік Комитеті құрылды. Бұл орталықтандырылған атқарушы орган – тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында мемлекеттік басқару мен бақылау қызметін атқара бастады. 1999 жылдан бастап ол *ҚР-ның инвестиция бойынша Комитеті* болып өзгертілді.

ҚР-ның инвестиция бойынша Комитетінің *негізгі мақсаттары* мемлекеттегі инвестициялық климатты жақсарту, экономикаға тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тартумен қатар, оларды қолдау, инвесторларға инвестициялық жобаны дайындау мен жүзеге асыруына көмек беру, инвесторлардың құқықтары мен кепілдемелерін сақтау болып табылады. Сондай-

ақ, осы қойылған мақсатқа жету үшін ҚР-ның инвестиция бойынша Комитетінің *міндеттері* келесілер болып табылды:

- мемлекеттің инвестициялық саясатын дамыту стратегиясын дайындау мен жүзеге асыру;
- инвестициялық климатты жақсартатын шаралар жасау;
- инвесторлармен өзара байланыстың тиімді жүйесін құру және инвесторлардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау;
- тікелей инвестицияларды тарту мен пайдалану бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері туралы жарнамалық, ақпараттық акцияларды жүргізу.

Комитеттің келесідей функциялары бар:

- ҚР-на тікелей инвестицияларды тарту бойынша шараларды ұйымдастыру;
- инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша ҚР-ның мемлекеттік органдары қызметтерін шоғырландыру;
- әрбір инвестициялық жобаны іске асыруға құқық беретін құжаттарды, лицензияларды, визаларды берумен қамтамасыз ету;
- бекітілген инвестициялардың ҚР-да сапалы қызметтерді және тауарларды жүргізуіне көмек көрсету;
- инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына бақылау жасау.

Осы функцияларды орындауда Комитеттің келесідей *өкілеттіктері* (құқығы) бар:

- орталық және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпараттарды алу және сұрау;
- келісім-шартқа сараптама жүргізу мен оны әзірлеу үшін тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, сондай-ақ басқа да елдерден кеңесшілері мен сараптама жүргізушілерін тарту және сырттан шақырту;
- іске асырылатын инвестициялық жобаға шетелдік инвесторлардың қатысуын ынталандыру мақсатында орталық

және жергілікті органдармен шетелдегі дипломатиялық қызметті үйлестіру;

- келісім-шарттарды әзірлеуге, оларды іске асырумен байланысты мәселелер бойынша министрліктердің, өзге де өкілетті ұйымдардың орындалу үшін қаулылар шығару.

Комитет қызметінің негізгі бағыттарының бірі – инвестицияларды мемлекеттік қолдау бойынша шараларды іске асыру. Ол инвесторларға инвестициялық преференциялар беретін, келісім-шарттарды жасайтын, экономика секторына салынған инвестицияларды жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады.

Біріншіден, преференциялар салықтық және кедендік түрде беріледі.

Екіншіден, ҚР-ның шикізаттық емес секторына инвестицияларды тарту мақсатында шетелдік компаниялармен келіссөздер ұйымдастыру және олармен мемлекеттік институттардың қарым-қатынасын дамытуды өзара үйлестіру ісі де осы Комитетке жүктелген.

Үшіншіден, бұл Комитет ҚР Президенті жанындағы Шетел инвесторлары Кеңесінің қызметін қамтамасыз ететін оның жұмыс органы болып табылады, ал Кеңестің өзі кеңес беруші орган ретінде Қазақстанда жұмыс істейтін инвесторлармен тікелей сұхбатты қамтамасыз етеді, сондай-ақ инвестициялық қызметке байланысты проблемалық мәселелерді шұғыл шешу мақсатында Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 маусымындағы Жарлығымен құрылған. Комитет инвестицияларға арналған шарттардың бірыңғайлылығы мен әділдігін қамтамасыз етеді, мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастығын нығайту және инвестициялық бастамаларды ынталандыру сияқты мәселелермен айналысады.

Инвестиция саласындағы мемлекеттік саясаттың қолданыстағы тетігі ҚР Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі және соған ұқсас ҚР Президентінің жанындағы кәсіпкерлер кеңесі болып табылады. Бұл аталған Кеңестер бюрократиялық кедергілерді жою, саясатқа импортты алмастыруға ықпал ету, жұмыс қолын тарту мен пайдалану саласында

құқықтық базаны жетілдіру, мамандандырылған экономикалық соттарды қолдану аясын кеңейту мен сот жүйесін жетілдіре түсу бағыттарын қарастырады.

Президент жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі ҚР Конституциясының 44-бабының 20-тармақшасына сәйкес, ҚР Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығымен құрылды.

Шетелдік инвесторлар кеңесі және Кәсіпкерлер кеңесі ҚР Президентінің жанындағы *консультативтік-кеңесші органдар* болып табылады.

Шетелдік инвесторлар кеңесінің негізгі міндеттері:

- ҚР-ның инвестициялық саясатының негізгі бағыттарын айқындау;
- ҚР-дағы инвестициялық ахуалды жақсарту;
- ҚР-ның инвестициялар туралы нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;
- ҚР-ның экономикасын әртараптандыруға, өнеркәсіптік секторын индустрияландыруға, шағын және орта бизнесін дамытуға шетелдік компаниялардың жәрдемдесуі;
- ҚР-ның экономикасын әлемдік экономикалық процестерге интеграциялау;
- ҚР-ның экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту стратегиясы;
- ҚР-ның халықаралық маңызы бар ірі инвестициялық бағдарламалары мен жобаларын іске асыру мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

ҚР-ның Президенті *Шетелдік инвесторлар кеңесінің төрағасы* болып табылады.

ҚР Президентінің жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі қызметінің *құқықтық негізін* ҚР-ның Конституциясы, заңдары, ҚР Президентінің актілері, ҚР-ның өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

Кәсіпкерлер кеңестің негізгі міндеттері:

- елді дамыту үшін отандық ірі бизнестің әлеуетін жұмылдыру;

- отандық инвестицияларды пайдалану мен қорғаудың негізгі бағыттарын айқындау болып табылады.

Кәсіпкерлер кеңесінің міндеттеріне сәйкес келесідей *негізгі функциялары* бар:

- іскерлік белсенділікті ынталандыру және отандық инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі шараларды айқындау;
- экономиканың құрылымдық реформалары жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау.

Кәсіпкерлер кеңесінің жүктелген міндеттерді іске асыру және өз функцияларын орындау үшін келесідей *құқықтары* бар:

- инвестицияларды тарту, кәсіпкерлікті және жаңа технологияларды дамыту мәселелерін қарауға;
- қаралған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, олар хаттамалармен ресімдеуге;
- қажет болған жағдайда өз жұмысына қатысу үшін мемлекеттік органдардың, сондай-ақ басқа да ұйымдардың басшыларын шақыруға құқықтары бар.

Кәсіпкерлер кеңесінің Кеңес жұмысын ұйымдастыруда ҚР-ның Президенті *Кеңестің төрағасы* болып табылады.

Кәсіпкерлер кеңесінің құрамына мемлекеттік органдардың басшылары мен өзге де лауазымды тұлғалары, сондай-ақ отандық ірі бизнес өкілдері кіреді. Дербес құрамын ҚР-ның Президенті бекітеді.

Кәсіпкерлер кеңесінің отырыстары қажеттігіне қарай жылына кемінде бір рет, Кеңес төрағасы айқындаған мерзімде өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады. Кеңестің шешімдері ҚР Президентінің, ҚР Үкіметінің, Премьер-Министрінің, орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың актілерін шығару арқылы іске асырылуы мүмкін.

Бұлармен қатар, инвестициялық ахуалды жақсартумен байланысты жүйелі мәселерді шешу үшін ҚР Премьер-Министрінің төрағалығымен *Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес* белсенді қызмет етеді. Бұл кеңес ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 275 қаулысымен құрылған.

Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің ережесіне сәйкес оның *негізгі мақсаттары* отандық және шетелдік инвестицияларды тартуда және тиімді пайдалануда жәрдемдесу, сондай-ақ өз қызметі барысында Қазақстанда кездесетін күрделі мәселелерді шешуде инвесторларларға қолдау көрсету болып табылады.

ҚР-ның Инвестициялар және даму министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады, ол Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. *Мемлекеттің инвестициялық саясаты дегеніміз не?*
2. *Инвестициялық саясат түрлерінің ерекшелігін анықтаңыз*
3. *Амортизациялық саясат дегеніміз не?*
4. *Мемлекетаралық масштабтағы құрылымдық-инвестициялық саясаттың басты бағыттары*
5. *Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың құрылымы*
6. *Инвестициялар бойынша Комитет қызметінің негізгі мақсаты қандай?*
7. *Инвестициялар бойынша Комитет қызметінің міндеттері?*
8. *Инвестициялар бойынша Комитеттің функциялары қандай?*
9. *Инвестициялар бойынша Комитет қызметінің өкілеттілігі?*
10. *Инвестициялар бойынша Комитет қызметінің негізгі бағыттары қандай?*
11. *ҚР Президентінің жанындағы шетел инвесторларының Кеңесінің қызметі қандай?*
12. *ҚР Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің негізгі мақсаты қандай?*
13. *ҚР Президентінің жанындағы Кәсіпкерлер кеңесінің негізгі мақсаты қандай?*

4. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНСТИТУТТАР- ДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТІ КЕҢЕЙТУДЕГІ РӨЛІ

4.1

Инвестициялық нарықтағы қаржылық институттардың орны мен рөлі

Инвестициялық нарық кең мағынада ел экономикасын қажетті қаражатпен қамтамсыз етудің тетігін білдіреді. Осы мәселені шешу үшін қаржылық институттардың орны мен мәні зор. Олар қаржы нарығында инвестордың мүддесін қорғау мақсатында және ақша қаражаттарды тарту есебінен, әрі осы ақша-қаражаттарды тартуды әртараптандыруды ескере отырып, инвестицияның есебінен тәуекелді азайту мақсатында жұмыс істейді.

Атқаратын қызметіне қарай *қаржылық институттарды* келесідей жіктеуге болады:

- реттеуші;
- инвестициялық-коммерциялық;
- арнайы мамандандырылған;
- кепілдендіруші;
- кәсіби;
- даму институттары.

Реттеуші қаржылық институттар – қаржылық ұйымның қаржы нарығындағы субъектілерінің қызметін реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын қаржылық институттар. Оларға ҚР Ұлттық банкі, өзін-өзі реттеуші ұйымдар жатады.

Инвестициялық-коммерциялық қаржылық институттар – тиісті заңды негізге ала отырып, белгілі мөлшерде пайда табу мақсатында инвестициялық, сақтандырушы, қаржы-несиелік, жинақтаушы қызметтерді жүзеге асыратын қаржылық институт-

тар немесе институционалды инвесторлар. Оларға коммерциялық банктер, жинақтаушы зейнетақы қорлары, сақтандыру ұйымдары және инвестициялық қорлар жатады.

Кепілдендіруші қаржылық институттар – субъектілердің салымдарын, төлемдерін кепілдендіруді және қайта қаржыландыруды жүзеге асыратын қаржылық институттар. Оларға ипотекалық несиелерді кепілдендіру қоры, депозиттерді кепілдендіру қоры, сақтандыру төлемдеріне кепілдендіру қоры, және т.б. жатады.

Арнайы мамандандырылған қаржылық институттар – бұлар уәкілетті органның лицензиясы негізінде қаржы-несиелік қызметтердің шектеулі түрлерімен айналысатын қаржылық институттар. Оларға несиелік серіктестіктер, микронесиелік ұйымдар, несиелік бюролар, ломбардтар, пошта-жинақ жүйелері және т.б. жатады.

Кәсіби қаржылық институттар – бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыратын және қызметі міндетті түрде лицензияланатын қаржылық институттар. Оларға қор биржасы, брокер-дилерлік компаниялар, тіркеушілер, касто-диандар, депозитарий және т.б. жатады.

Даму институттары – бұлар ҚР-ның индустриалды-инновациялық стратегиясын жүзеге асыру мақсатында құрылған институттар болып табылады. Даму институттары мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жетілдіру және арттыру үшін еліміздің экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға септігін тигізу мақсатында құрылды. Оларға Ұлттық даму институттарының және индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп проценті тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалар жатады:

1. Индустрияны дамыту саласында:

- «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамы.

2. Технологиялық даму саласында:

- «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы;
 - «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» акционерлік қоғамы.
3. Жергілікті қамтуды дамыту саласында:
- «Жергілікті қамтуды дамытудың ұлттық агенттігі «NADLoC» акционерлік қоғамы.
4. Инвестициялар тарту саласында:
- «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамы.
5. Экспортты дамыту және ілгерілету саласында:
- «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы» акционерлік қоғамы;
 - «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамы.
6. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне қолдау көрсету саласында:
- «Қазақстан инвестициялық қоры» акционерлік қоғамы;
 - «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамы.
7. Технологиялық даму саласында:
- «Астана Innovations» акционерлік қоғамы;
 - «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» акционерлік қоғамы;
 - «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
 - «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
 - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы;
 - «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» акционерлік қоғамы және т.б.

«Қазақстан Даму Банкі» АҚ – 2001 жылдың мамырында ҚР Президентінің «Қазақстан Даму Банкі туралы» 2000 жылғы 28 желтоқсандағы № 531 Жарлығы негізінде «Қазақстан Даму Банкі туралы» ҚР-ның заңы шығарылды. Осы заңға сәйкес ерекше құқықтық мәртебесі бар Қазақстан Даму Банкі құрылды.

Қазақстан Даму Банкі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінде 2001 жылғы 31 мамырда жабық акционерлік қоғам формасында тіркелді және 2003 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес акционерлік қоғам формасында қайта тіркелді.

2006 жылдан бері банктің жалғыз акционері «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ ұлттық басқарушы компаниясы болып табылды. «Қазына» ОДҚ» АҚ-ның негізгі қызметі экономиканы әртараптандыру міндетін шешуші даму институттарын тиімді корпоративтік басқару жолымен инвестициялық және инновациялық белсенділікті арттыру және ынталандыру болды.

«Қазақстан Даму Банкі» АҚ – бұл ел экономикасына инвесторларды тартуға қолдау жасау және өңдеуші өнеркәсіптерге, өндірістік инфрақұрылымның дамуына мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жоғарылату және жетілдіру мақсатында құрылған қаржылық институт.

Миссиясы – еліміздегі шикізаттық емес секторларға инвестицияларды жүзеге асыру арқылы ұлттық экономикамыздың тұрақты дамуына үлесімізді қосу.

Мақсаты:

- мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жетілдіру мен арттыру;
- өндірістік инфрақұрылым мен өңдеуші өнеркәсіпті дамыту;

- елдің экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға көмектесу.

Қазақстан Даму Банкінің *міндеттері*:

- инвестициялық жобаларға орта мерзімді (5 жылдан 10 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (10 жылдан – 20 жылға дейін) несие беру;
- қазақстандық өнімді жеткізуші резидентке де, Қазақстандық өнімді сатып алушы резидент еместерге де қарыздарды беру жолымен бірлесіп қаржыландыру, сондай-ақ экспорттық операцияларға несие беру;
- басқа несие институттары беретін қарыздар мен несиелер бойынша кепілдік берілген міндеттемелерді беру, сондай-ақ бірлесіп қаржыландыру жолымен Қазақстан Республикасы экономикасының өндірістік секторына несие беруді ынталандыру;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі іске асыратын инвестициялық жобаларды қаржыландырудың тетіктерін жетілдіру;
- экономикаға тікелей инвестициялар тарту;
- экономиканың басым секторларындағы жобаларды қаржыландыру.

Құралдары:

- инвестициялық жобаларға арналған қарыздар (несиелер) – 5 жылдан 20 жылға дейін, ең аз сома 5 млн АҚШ доллары;
- қаржылық лизинг – 3 жылдан 20 жылға дейін, ең аз сома 1 млн АҚШ доллары;
- экспорттық мәмілелерге арналған қарыздар (несиелер) – 1 жылдан 3 жылға дейін, ең аз сома 1 млн АҚШ доллары;
- жобалық қаржыландыру;
- кепілдіктер шығару;
- мемлекеттік жобаларға агенттік қызмет көрсету.
- капиталға қатысу;
- мезониндік қаржыландыру;
- банкаралық несиелеу;

- айналымдық капиталды қаржыландыру.

«Қазақстан Даму Банкі» өз қызметін 2001 жылдың 1 сәуірінен бастаған. Экономикалық қызметінің жалпы жіктелінуіне сәйкес Даму Банкін несиелеу үшін оның инвестициялық салалары болып келесілер саналады:

- ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу;
- тігін өндірісі;
- химиялық өнеркәсіп;
- машина жасау және құралдарды өңдеу;
- көлік және байланыс;
- тас және суды, электр энергияны тарту және өңдеу.

Қазақстан Даму Банкі бүгінгі күнде мемлекеттік инвестициялық саясаттың ең басты жолсеріктерінің бірі болып табылады. Өнеркәсіптің шикізатқа жатпайтын салаларында бәсекеге қабілетті өндірістер құруды қаржыландырып және елдің инфрақұрылымын дамыта отырып, Банк Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына тікелей ықпал етеді.

Қазақстан Даму Банкінің *инвестициялық қызметі* елдің барлық өңірлерінде және өңдеуші өнеркәсіптің маңызды салаларында танытылған. Банктің қаржыландыру көмегімен енгізілген жаңа және жаңғыртылған өндірістер Қазақстанның өнеркәсіптік және экспорттық қатаюына және өңіраралық интеграцияға іс жүзінде елеулі үлесін қосуда.

Қазақстан Даму Банкі экономиканы жаңғыртудың ең басты қатысушыларының бірі, сондай-ақ серпінді және кластерлік жобаларды іске асыруда, мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыруда өз қызметін нығайта беретін болады.

Қолдау тапқан жобалардың ішінде неғұрлым салмақтылары химия саласындағы жобалар, көлік және байланыс, металлургия, электр энергетикасы, құрылыс материалдарының өндірісі саласындағы жобалар.

Қазақстан Даму Банкінің жетекші халықаралық Moody's Investors Service, Standard & Poor's және Fitch рейтингтік агенттіктері берген ең жоғарғы несиелік рейтингі бар.

Банк Қазақстан экономикасын әртараптандыруға ықпал ету мақсатында келесідей басымдық және перспективалы бағыттар-

ды анықтады. Экономиканың өрлеуі және әртараптандыру базасы ретінде – инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде:

- энергетиканы;
- көліктік инфрақұрылымды дамыту.

Жеке сектор үшін өңдеу өнеркәсібіндегі өрлеу нүктелерін анықтау ретінде – келесі салалардағы перспективалы жобаларды іске асыру:

- металлургия;
- химия және мұнайлы химия өнеркәсібі;
- құрылыс материалдарының өндірісі;
- АӨК-де қосылған құны жоғары өнім шығару;
- туризм.

Қазақстан Даму Банкінің *ұстанымы*:

Қазақстанның отын және минералдық шикізатты сатудан тәуелділігі, өнеркәсіптің, металлургияның инфрақұрылымдық және өңдеуші салаларында инвестициялық белсенділік ел экономикасының шикізаттық ресурстары нарығындағы өзгерістерге әсерін тигізеді. Сондықтан ҚР-ның Үкіметі экономиканы радикалды реформалауға қадам басып, Қазақстанның шикізат тәуелділігінен шығуына мақсат қойды. Елді жеделдетіп жаңғырту және елдің әлемдік нарыққа кіруі инновацияларға, экономиканың өсуінің жаңа бағыттарын құруға және елдің дәстүрлі бәсекелесті басымдықтарын үздік пайдалануға негізделген дамудың барлық бағыттары бойынша сапалы серпінді талап етеді.

Қазақстан Даму Банкінің *миссиясы* екінші деңгейдегі банктер қамтамасыз етпеген несие ресурстарында ел экономикасының бәсекеге қабілетті шикізатқа жатпайтын секторын жеделдетіп дамытудың инвестициялық қажеттіліктерін қанағаттандыру жолымен ҚР-ның тұрақты ұзақ мерзімді экономикалық дамуына қол жеткізуіне жәрдемдесуге негізделген.

Қазақстан Даму Банкінің *орны*:

- өңдеуші өнеркәсіп, өндірістік және көлік инфрақұрылымы;
- ұзақ мерзіммен қамтылған ірі (5 млн АҚШ долларынан асатын) көлемді капиталы бар инвестициялық жобалар;

- қазақстандық тауар өндірушілер өнімінің экспортына жәрдем көрсету.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР-ның заңына сәйкес заңмен анықталған Қазақстанның Даму Банкінің *ерекше құқықтық мәртебесі бар*.

Заңға сәйкес Қазақстан Даму Банкі қызметінің *мақсаттары* мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жетілдіру және арттыру, өндірістік инфрақұрылым мен өндеуші өнеркәсіпті дамыту, ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстан Даму Банкінің *несиелік саясатының* негізгі қағидалары мен басымдықтары, инвестициялық басымдықтар, қарыз қаражатын тартуға сандық шектеулер, несие берудің лимиттері, бағыттары, мүмкін болатын шарттары, тәртібі мен мерзімі, жеке капиталды орналастыру, бірлесіп қаржыландыру, кепілдіктер беру, агент функцияларын орындау жалғыз акционердің шешімімен бекітілген Банктің несие саясаты туралы меморандумда белгіленген.

Қазақстан Даму Банкі бір жағынан даму институты бола отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі және «Самұрық-Қазына» мемлекеттік холдингінің атынан акционер анықтайтын мемлекеттік инвестициялық саясаттың міндеттерін шешеді. Сонымен бірге, қаржы ұйымы бола отырып, Қазақстан Даму Банкі басқа банктер үшін барлық қажетті талаптарды орындайды және коммерциялық қағидаларда әрекет етеді.

Қазақстан Даму Банкінің *несиелік саясаты* туралы меморандумға сәйкес қаржыландыру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу кезінде Қазақстанда экономиканың шикізаттық емес салаларында, оның ішінде қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, қызметтер мен капиталдың экспортына ықпал ететін бәсекеге қабілетті өндірістерді және инфрақұрылымды дамытуға және құруға байланысты инвестициялық жобаларға басымдық беріледі.

Қазақстан Даму Банкінің инвестициялық қызметінің негізгі бағыттары келесілерді құруға және дамытуға бағдарланған жобалар болып табылады:

- 1) инфрақұрылым объектілерін (энергетикалық, көліктік, телекоммуникациялық, туристік);
- 2) инвестициялық жоба шеңберінде шикізатты өндіруді немесе сатып алуды, көлікпен тасымалдауды, оны қайта өңдеуді және дайын өнімді сатуды, өнеркәсіптік өндірістерді;
- 3) инвестициялық жоба шеңберінде шикізатты шығаруды немесе сатып алуды, көлікпен тасымалдауды, оны қайта өңдеуді және дайын өнімді сатуды, ауыл шаруашылығы өндірістерін;
- 4) туристік, экологиялық, медициналық, оқу, спорттық-сауықтыру және қонақ үй қызметтері саласындағы объектілерді (коммерциялық негізде) дамытуға бағытталған.

Қазақстан Даму Банкінің *шетелдегі инвестициялық қызметінің негізгі бағыттары* ҚР инфрақұрылымының, транзиттік әлеуетінің, қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, қызметтер мен капитал экспортының дамуына ықпал ететін жобалар болып табылады.

Қазақстан Даму Банкінің инвестициялық басымдықтарына сәйкес келетін жобалар үшін банк келесідей қызметтерді ұсынады:

- орта мерзімді (5 жылдан 10 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (10 жылдан 20 жылға дейін) несие беру, оның ішінде:
 - жобаларды бірлесіп қаржыландыру және қайта қаржыландыру;
 - жобаларды жобалық қаржыландыру.

Қазақстан Даму Банкі инвестициялық жоба бойынша беретін қарыздың ең аз сомасы 5 млн АҚШ долларына баламалы мөлшерде белгіленеді. Қазақстан Даму Банкіне келесілерді қаржыландыруға тыйым салынады:

- қару-жарақ шығаруға;
- алкоголь өнімін өндіруге;
- есірткілерді, есірткі құралдарын және психотропты заттарды өндіруге;

- темекі бұйымдарын өндіруге;
- тұрғын үй құрылысына;
- мемлекеттік оқу және медицина мекемелерін, қоғамдық-сауықтыру кешендерін салуға;
- геологиялық барлау жұмыстарына.

Қазақстан Даму Банкінің қаржыландыру көмегімен жаңғыртылған өндірістер пайдалануға берілді, оның ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- көлік саласында (Ақтау Теңіз Халықаралық Сауда Портын солтүстік бағытта кеңейту және Тұпқараған шығанағында теңіз операцияларын қолдау базасын дамыту шеңберінде айлақ салу жөніндегі жобалар);
- Оңтүстік Қазақстан облысында тоқыма кластерін құруға байланысты тоқыма және тігін өнеркәсібі («Ютекс» АҚ, «Меланж» АҚ);
- құрылыс индустриясында («Экотон+» АҚ, «Амитех Қарасай Пайп» ЖШС, «Хобас Пайпс Қазақстан» ЖШС);
- машина жасау саласында («Агромашхолдинг» АҚ, «Оңтүстік полиметалл» өнеркәсіп корпорациясы» АҚ);
- целлюлоза-қағаз өнеркәсібіндегі жобалар («Іле Картон-қағаз комбинаты» АҚ, «Қазақстан қағазы» АҚ), биоэтанолды өндіру жөніндегі «Биохим» өндірістік кешенін құру жобасы және т.б. көптеген жобалар.

Негізгі несие қызметін жүзеге асырумен қатар, Қазақстан Даму Банкі келесілерге қызмет көрсету бойынша агент функцияларын орындайды:

- қайтарымды негізде қаржыландырылатын республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар);
- мемлекет кепілдік берген қарыздардың есебінен қаржыландырылатын жобалар.

«Қазақстан Даму Банкі» АҚ шетел валютасымен теңгеге қарсы және валютаны басқа валютаға қарсы айырбастау операцияларын жүргізеді.

«Қазақстан Даму Банкі» АҚ төлемдерді негізгі әлемдік валюталарда жүргізеді және шоттарға түсетін ақшалай қаражаттар туралы ақпаратты шынайы уақыт режимінде алады. Банк корреспонденттік қарым-қатынастар белгілеген және әлемдік клирингтік банктерде JPMORGANCHASE BANK (США), ING BANK AG (Голландия) және т.б. корреспонденттік шоттары бар. Сонымен қатар, SWIFT (Society for Worldwide Interbank Financial Telecommunication) қатысушысы болып табылады, бұл әлемнің кез келген еліндегі банктермен тез және құпия, жабық түрде ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

Банктің инвестициялық мүмкіндіктерінің өсуін қамтамасыз ету және Қазақстанның оң имиджін қалыптастыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты дамытуға көп көңіл бөледі. Банктің іскерлік байланыстарын кеңейту тек ірі қаржы ұйымдарымен белсенді ынтымақтасуға ғана емес, сонымен қатар экономиканы әртараптандыру жөніндегі міндеттерді тез арада шешу мақсатында елге шетелдік инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

Банк құрылған сәттен бастап Дүниежүзілік банк, HSBC, Merrill Lynch, Еуропалық Қайта Құру және даму банкі, Bank of Tokyo Mitsubishi UFJ және т.б. ұйымдармен бірқатар меморандумдар мен келісімдерге қол қойды.

4.3

Қазақстан инвестициялық қорының қызметі

«Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ – ҚР-ның мемлекеттік даму институттарының бірі болып табылады. Қордың қызметі 2003 жылдың 11 маусымында басталған.

Қазақстан инвестициялық қорының *инвестициялары* – Қордың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасы резиденттерінің, акционерлік

қоғамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына Қордың салымдары болып табылады.

Қазақстан инвестициялық қорының *инвестициялық қызметі* – ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестиция салуды, инвестициялық жобалар бойынша ақпарат жинау мен өңдеуді, маркетингтік, инжинирингтік және өзге де зерттеулерді, жоспарлы-болжамдық және жобалау-сметалық құжаттарды қамтамасыз етуге қатысуды, сондай-ақ инвестицияларға бақылау ұйымдастыруды қамтитын, Қордың инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты қызметі.

ҚР-ның Үкіметі белгілейтін және Қазақстанның инвестициялық қорының акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган *уәкілетті орган* болып табылады, ол:

- қордың акциялар пакетін басқару функциясын жүзеге асырады;
- қордың инвестициялық қызметі бойынша есептілігінің құрамын, формаларын және оны беру мерзімін бекітеді;
- қордың қаржы құжаттары мен бухгалтерлік есептілігінің дұрыс жүргізілуін және мазмұнын, сондай-ақ Қор қызметінің ҚР заңдарының талаптарына, Қордың жарғысы мен инвестициялық декларациясына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан инвестициялық қоры туралы ҚР-ның заңдарына, ҚР-ның Конституциясына негізделеді және ҚР-ның Азаматтық кодексінен, «Қазақстан инвестициялық қоры туралы» заңы және өзге де нормативтік-құқықтық актілерден тұрады. «Инвестициялық қорлар туралы» ҚР-ның заңы бұл қорға қолданылмайды. «Акционерлік қоғамдар туралы», «Инвестициялар туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР заңдарының ережелері Қорға «Қазақстан инвестициялық қоры туралы» заңмен реттелмеген бөлігінде қолданылады. ҚР-ның бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарының бағалы қағаздар нарығында брокер-дилер қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін белгіленген пруденциалдық нормативтерді және қаржылық тұрақтылықтың өзге де көрсеткіштерін сақтау бөлігіндегі талаптары

Қорға қолданылмайды. Егер ҚР бекіткен халықаралық шартта осы заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қорды құру және оның қызметі «Қазақстанның инвестициялық қоры туралы» заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, ҚР-ның акционерлік қоғамдар туралы заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қорды қайта ұйымдастыру және тарату ҚР-ның заңдарында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен жүзеге асырылады. Қордың өз инвестициялық портфелін басқару жөніндегі қызметі лицензияланбайды.

ҚР-ның мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарының заңсыз Қор қызметіне араласуына тыйым салынады.

Қазақстан инвестициялық қорының *құқықтық мәртебесі* – жарғылық капиталына мемлекеттің 100%-тік қатысуы бар акционерлік қоғам формасындағы ұйым болып табылады. Жарғылық капиталының мөлшері – 37,8 млрд теңге немесе 300 млн нан астам АҚШ доллары, кейіннен оны кезеңдеп арттыру жоспарланған. Оның қызметіндегі мәселелер Қазақстан Республикасының «Қазақстан инвестициялық қоры туралы» 2004 жылдың 6 шілдесіндегі заңымен реттеледі. Онда оның мақсаттарын, міндеттерін, инвестициялық саясаттағы бағыттарын, оның мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қызметіндегі ерекшеліктерін белгілейді.

Қазақстан инвестициялық қоры қызметінің мақсаты – перспективалы ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту, экономиканың шикізаттық емес секторында және бәсекеге қабілетті өндіріс орындарын құру бойынша жеке сектордың бастамаларына жаңадан құрылған немесе бұрыннан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жарғылық капиталдарына қатысу жолымен қаржылық көмек көрсету арқылы ҚР-ның индустриалды-инновациялық саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстан инвестициялық қорына *жүктелген негізгі міндеттер*:

- шикізат пен материалдарды тереңдеп өңдеуді жүргізетін, жаңа технологияларды пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын, сондай-ақ өз қызметін өнеркәсіпте жүзеге асыратын перспективалы ұйымдарға өндірістік қызметтер көрсететін жаңадан құрылып жатқан және жұмыс істеп тұрған ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестицияларды жүзеге асыру;
- қордың инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыруы, ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестицияларды жүзеге асыру және осы жобаларды басқаруға қатысуы арқылы экономиканың шикізаттық емес секторына жеке инвестицияларды ынталандыру;
- отандық және шетелдік ұйымдар арасындағы өндірістік кооперацияны қамтамасыз ететін, толықтырушы, аралас өндірістерді дамытатын Қазақстан Республикасынан тыс жердегі инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру арқылы шет елдердегі қазақстандық ұйымдардың инвестициялық белсенділігін арттыруға жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстан инвестициялық қорының өкілеттіктері:

- қордың инвестициялық декларациясына сәйкес инвестициялық саясатты жүзеге асыру;
- шикізат пен материалдарды тереңдетіп өңдеуді жүргізетін, жаңа технологияларды пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын жұмыс істеп тұрған перспективалық ұйымдарды инвестициялауды жүзеге асыру немесе осы ұйымдарға үшінші тұлғалардың инвестицияларын тарту үшін іріктеуді жүзеге асыру;
- ҚР-ның индустриалды-инновациялық саясатының тиісті басымдықтарына сәйкес келетін, отандық және шетелдік инвесторлар қатысатын инвестициялық жобаларды іске асыруды ұйымдастырушы және оларға қатысушы болу;
- филиалдар мен өкілдіктер құру;
- инвестициялық жобалар бойынша құжаттар дайындауға шарт негізінде қатысу;
- қайта инвестициялау туралы шешімдер қабылдау;

- уақытша бос ақшаны орналастыру;
- басқа отандық инвесторлармен бірлесіп, қордың шетелде жүзеге асыратын инвестициялық жобаларының орындалуын бақылаудың бірлескен формаларына қатысушы болу;
- өз міндеттерін іске асыру үшін сарапшылар мен кеңес берушілерді шарт негізінде тарту;
- өзінің инвестициялық портфелін дербес басқару;
- бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ретінде тиісті лицензияның негізінде дилерлік қызметті ғана жүзеге асыру.

Қазақстан инвестициялық қорының *инвестициялық саясатының бағыттары*:

Қор қызметінің негізгі бағыттары өтімді және тиімді инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын перспективалы ұйымдарды инвестициялау және оларға инвестициялар тарту болып табылады.

Қордың инвестициялауы қордың инвестициялық декларациясына сәйкес жүргізіледі. Ол келесідей шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

- инвестициялық жоба ҚР-ның индустриалды-инновациялық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келсе;
- инвестициялық жоба экономикалық және қаржылық өлшемдер бойынша тартымды болса;
- инвестициялық жоба ұйымдардың технологиялық әлеуетін жетілдіруге, өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға және оларды өндіру көлемін өсіруге, шикізат пен материалдар өндеуді тереңдетуге, жоғары технологиялық өнімдер шығаруға бағытталса, инвестицияларды жүзеге асырады.

Қазақстан инвестициялық қоры ұйымдардың акцияларын сатудан және жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінен алынатын капиталды басқа ұйымдарға кейіннен қайта инвестициялай отырып, аталған ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестиция салуды жүзеге асырады.

Қор акцияларға айырбасталатын немесе акцияларды сатып алуға құқық беретін бағалы қағаздарды сатып алуға құқылы.

Қордың уақытша бос ақшасын орналастыру ішкі және сыртқы нарықтардағы мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздар мен өтімді активтерге қордың инвестициялық декларациясында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

«Инвестициялық декларация» Қазақстан инвестициялық қорының инвестициялық қызметіндегі негізгі құжат болып табылады.

Инвестициялық декларация инвестициялау мақсаттарын, стратегиясын, бағыттарын, тәуекелдерді басқару саясатын, бағалы қағаздардың әр түрі бойынша бағалы қағаздар портфелін эртараптандыру нормаларын және қордың инвестициялық жобаларға қатысуын тоқтату шарттарын белгілейді. Қордың Инвестициялық декларациясын Қазақстан Республикасының үкіметі бекітеді.

Қазақстан инвестициялық қорының *жарғылық капита-лын* республикалық бюджеттің қаражаты есебінен акцияларға олардың нақтылы құны бойынша төлеу арқылы ҚР-ның Үкіметі қалыптастырады. Жарғылық капиталын ұлғайтуға Қордың жалғыз акционерінің шешімі бойынша жол беріледі және акцияларды ҚР-ның заңдарына сәйкес шығару мен орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ оның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша ғана салынуы мүмкін. Қордың таза кірісі оның жылдық есебін бекіту қорытындысы бойынша резервтік капиталды қалыптастыруға ғана жұмсалады. Резервтік капиталды бөлу тәртібін жалғыз акционер белгілейді.

Қор өз міндеттемелерін орындамағаны үшін ҚР-ның заң актілерінде көзделген негіздер бойынша және тәртіппен жауап береді.

«Қазақстан инвестициялық қоры туралы» ҚР-ның заңдарын бұзу қордың, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың арасында туындайтын даулар ҚР-ның заңдарына сәйкес шешіледі.

Қазақстан инвестициялық қорының *тұжырымдамалық ережелері*:

Қор акциялардың 49%-ке дейінгі бөлігін сатып алуымен, жобалардың тікелей инвесторы болады.

Инвестициялық жобалардың табысты іске асырылуы мақсатында жобаның орындалуына тиісті ұйымдастыру деңгейін қамтамасыз ететін, жобаның техникалық-технологиялық жақтарын жүзеге асыру үшін маркетингтік және технологиялық жеткілікті тәжірибесі бар, сондай-ақ акциялардың 50%-тен астамын бақылайтын стратегиялық инвесторлары (бір инвестор немесе инвесторлар тобы) бар, кәсіпорындардың жарғылық капиталына қатысқаны неғұрлым тиімді болады.

Қор және басқа акционерлердің тараптарынан кәсіпорынның жарғылық капиталына салынатын инвестиция жобаны іске асырудың түрлі сатыларында қаржыландырудың басқа көздерімен де ұштастырылуы мүмкін, соның ішінде листингтен өтпеген облигациялар, банктік займдар, бірлестірілген займдер, лизингтер және мерзімі ұзартылған төлеммен сатып алу, экспорттық несиелер агенттіктерінің қатысуымен алынатын несиелер.

Қазақстан инвестициялық қоры инвестор ретінде кәсіпорынның жарғылық капиталына қатыса отырып, жобаны іске асыру барысындағы, тәуекелдер мен тиімділіктерге ортақтасады. Қор тәуекелдерді барынша азайтуға ықпал ете отырып, осы өңірдегі мемлекеттік мекемелермен және басқа да инвестицияға қатысушыларымен өзара қызметті үйлестіреді.

Жоба іске асырылу сатысынан өтіп, сатылым мен өндіріс тұрақты деңгейге жеткен кезде Қазақстан инвестициялық қоры өзінің үлесін стратегиялық серіктестеріне, басқа акционерлерге және портфельдік инвесторларға сату жолымен жобадан шығады.

Қазақстанда және әлемнің басқа елдеріндегі салаларды дамыту беталысын талдау негізінде, бәсекеге қабілетті салалар мен кластерлерді құру мақсатындағы инвестициялаудың басымды бағыттары анықталды, атап айтқанда:

- ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу (консервілік, жүнді және мақтаны қайта өңдеу өнеркәсібі мен басқа салалармен бірге агроөнеркәсіптік кешен);

- құрылыс материалдарының өндірісі (алғашқысынан бастап құрылыс материалдарының әрлеу мен қаптауына дейінгі өндірісіне дейін);
- әйнек өнеркәсібі;
- химия және мұнай химия өнеркәсібі;
- металлургия;
- машина жасау;
- орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі;
- балық өнеркәсібі;
- энергетика және көлік инфрақұрылымы.

Қазақстан инвестициялық қорының қызметі құрылымды құрайтын мәні бар және экономикалық кластерлерді жаңадан құру мен құрастырылғандарын толықтыруға жағдай жасайтын ірі, келешегі бар маңызды жобаларды кезеңмен қаржыландыруға ауыстырылды.

4.4 || «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры

«Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ – бұл шағын кәсіпкерлікті қолдауға бағытталатын мемлекеттік қаржыны тиімді қолдану, көтеру және ҚР шағын кәсіпкерлік субъектілерінің экономикалық өсуін және құрылуын ынталандыру мақсатында құрылған даму институты.

Қазақстан Республикасының «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ» 1997 жылы «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысы негізінде құрылды.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры қызметінің мақсаты – Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы мен экономикалық өсуін, шағын кәсіпкерлікті қол-

дауға бағытталған мемлекеттің қаржы құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыру.

Міндеттері:

- шағын кәсіпкерлікке қаржылық көмек көрсету, мемлекеттік бағдарламаларды құруға және іске асыруға қатысу;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мақсатын несиелеу;
- екінші деңгейдегі банктерден несие алу үшін субъектілер пайдасына кепілдеме беру.

«Шағын кәсіпкерлікті дамыту туралы» ҚР Заңына сәйкес Қордың негізгі тапсырмалары:

- жобалық қаржыландыру;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуымен микро-несие ұйымдары тораптарын дамыту;
- екінші деңгейдегі банктерден несие алудағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кепілденген жүйесін құру;
- қаржылық лизингті дамыту;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқыту және консалтинг;
- шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша операцияларды үстеме қаржыландырудың жүйесін дамыту.

Өз қызметі шегінде «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ келесідей бағдарламаларды қаржыландырады:

Қаржыландырудың негізгі қағидалары – Қазақстанның шағын қалаларында шағын бизнес субъектілерінің тиімді инвестициялық жобаларын экономикалық қаржыландыру, аймақтың (жобаның жұмыс істеу орны) экономикалық дамуына, жұмыс істеуіне бағытталған. Қарыз алушы нақты қарыздың 60%-іне дейінгі сомасын жоба бойынша айналым қаражатын толықтыруға пайдалануы мүмкін. Қаржыландыру формасы лизингтік негіздегі несиелеу болып табылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеу бағдарламасы, оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігі республикалық бюджет қаражаты арқылы жүзеге асырылады. Қазір қаржыландыру аталған бағдарлама бойынша қайтарымды қаражаттан қаржыландыры-

лып отыр. Әйелдер кәсіпкерлігін анықтаудың негізгі критерийі еңбек ұжымында әйел затының жалпы құрамның 50%-тен аз болмауы және әйел-жетекшінің болуы болып табылады.

2. Ауылшаруашылық секторы үшін Азия Даму Банкінің қарыз беру бағдарламасы

Қор қарызды екінші траншада Азия Даму Банкі ауылшаруашылық секторының 55,6 млн АҚШ доллары көлемі бойынша қызмет етуге қатысады. Қарыздың қаражаты ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге жабдықтарды сатып алуға несиелеу үшін арналған, ауылшаруашылық техникалары үшін машина-технологиялық станциялар, көтерме азық-түлік нарықтары және басқа нарықтық инфрақұрылымдар құруға, ауылшаруашылық өнімдерін шығаруда, сонымен бірге айналымдағы қаражатты қажетті қаржыландыруға арналған. Қарыз сомасының 60%-і әрбір жеке жоба бойынша соңғы қарыз алушының айналым қаражатын толтыруға бағытталуы мүмкін.

Азия Даму Банкі желісінде қаржыландыруды алу үшін қарыз алушылар келесі талаптарға сәйкес болуы қажет:

- қарыз алушы максималды жұмысшы санымен (50 адам) шағын бизнес субъектісі болуы;
- кәсіпорын активтері 60000 АЕК кем емес болуы;
- өтімді қарызды қамтамасыз етуі қажет.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілері Қордың жеке қаражаты есебінен қолдау бағдарламасы

Қордың жеке қаржысы есебінен соңғы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қарыз алушысына несие беру экономикалық тиімді қаржыландыру және жоғары рентабельді жобалар үшін ұсынылады.

Қор қаржыландырудың келесідей түрлерін ұсынады:

- екінші деңгейдегі банктерден несие алуда шағын кәсіпкерлік субъектілерін кепілдендіру;
- жобалық қаржыландыру және қаржы лизингі, соның ішінде ШКС-і іске асыратын франчайзингтік жобаларды қаржыландыру.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің несиелерін Қордың несиелік кепілдемелерін сақтандыру арқылы кепілдендіру

шағын бизнес сферасына көптеген ресурстар көлемін назар аударту мақсатымен Қор екінші деңгейдегі банктер беретін шағын және орта кәсіпкерліктің кепілдендірілген несиелерін жүзеге асырады. Мұндай жоба кезінде бүкіл қатысушылар, жобаға қызығушылық танытатын – банктер, ШОК, және Қор арасында тәуекелдерді қайта құру шарттары құрылады. Қатысушы жақтардың үлесі әр нақты жобаның спецификасына байланысты міндеттеледі. Негізгі шарттар төменде келтірілген:

Қаржылық лизинг Қор (лизинг беруші) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне (лизинг алушыдан) көрсетілген лизингтік мүлікті сатушыдан меншігіне алады және оны шағын кәсіпкерлік субъектілері лизингке 3 жылдан кем емес мерзімге береді. Шағын кәсіпкерлік субъектілері Қорға лизинг мерзімі кезінде лизингтік төлемді төлеп отырады және лизинг мерзімі біткен кезде лизингтік мүліктің меншік құқығы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ауысады. Лизингтік мүлік құрал-жабдықтар, техника, өндірістік мекемелер және т.б. негізгі құралдар бола алады.

Экономиканы отандық қаржы институттары тарапынан қаржыландырудың қысқаруы жағдайында шағын және орта бизнеске көмек көрсету жалғасатын болады. Мемлекеттік қолдау олардың салалық тиімділігіне қарамастан, шағын және орта бизнестің барлық субъектілеріне көрсетіледі.

Біріншіден, бөлінетін қаражат шеңберінде 70% ағымдағы жобаларды қайта қаржыландыруға және 30% жаңа жобаларды іске асыруға бағытталады. Екінші деңгейдегі банктер шағын және орта бизнеске несиені беру бойынша барлық бағдарламалардың операторлары болады. «Самұрық-Қазына» қоры бөлетін қаражат шеңберінде бір жобаны қаржыландыруға арналған лимит 3-тен 5 млн АҚШ долларына дейін өседі.

Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп шағын және орта бизнес үшін сыйақы мөлшерлемесін тұрақтандыру бойынша (14%-тен аспайтын) шара қабылдайды, сондай-ақ тиімді мөлшерлемені тіркей отырып, шағын және орта бизнесті қолдау бойынша қабылданған барлық бағдарламалар қайта қаралатын болды.

Қазіргі таңда Қор «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры деп атауын өзгерткен, сонымен қатар шағын және орта бизнеске берілетін несиелерге жаңадан кепілдік беру тетігін енгізді.

Екіншіден, «Самұрық-Қазына» қоры ауылдық жерде шағын несие берудің, оның ішінде ауылдық кәсіпкерлерге несие берудің бағдарламасын әзірледі.

Үшіншіден, шағын және орта бизнес субъектілерін тұрақты тапсырыстармен қамтамасыз ету мақсатында оларға «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның қолданылуы шеңберінде мемлекеттік органдардың, мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың мемлекеттік тапсырыстарына қол жеткізу ұсынылды.

Жер қойнауын пайдаланушылармен және сервистік компаниялармен қазақстандық қатысуды ұлғайту бойынша жұмыс күшейтілді.

Төртіншіден, Үкімет кәсіпкерлікті дамыту үшін әкімшілік кедергілерді төмендету және рұқсат беру жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

Кәсіпкерлікті қолдау бойынша «Даму» қорының негізгі құралдары – екінші деңгейдегі банктер арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру, проценттік мөлшерлемелерді субсидиялау, банктер алдында кепілдіктер беру, лизингтік мәмілелерді және микронесиелік ұйымдарды жеңілдікпен қаржыландыру, сондай-ақ қаржылық емес қолдау беру (білім беру, консалтинг, ақпараттық-сараптамалық қолдау).

«Даму» қоры елдің кәсіпкерлігін дамытудың негізгі мемлекеттік институты болып табылады және Қазақстанның барлық 14 облысында және Астана және Алматы қалаларында өңірлік филиалдары бар.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қазақстанның қаржылық институттарына сипаттама беріңіз
2. Даму институттарының құрылу мақсаты
3. «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ-ның міндеттері қандай?
4. «Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы» АҚ-ның қызметі қандай?
5. «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның қызметтерінің инвестициялық бағыты қандай?
6. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның қызметі мен қағидалары қандай?
7. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ-ның міндеттері қандай?
8. «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның қызметтерін анықтаңыз
9. «Экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ның құрылудағы мақсаты неде?

ГЛОССАРИЙ

«Капитал салымдары – бұл негізгі капиталға салынатын инвестициялар, соның ішінде жаңа құрылысқа, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың кеңеюіне, қайта құрылуына және техникалық қайта жабдықталуына, машиналарды, құрал-жабдықтарды, құралдарды, инвентарьді сатып алуға кететін және жобалық-іздеу шығындары

«Күтілетін табыстылық – «бета» коэффициенті» теңдігі (expected return-beta relationship) – бағалы қағаздардың тәуекелі үшін сыйақы «бета» коэффициентіне пропорционалды деген CAPM үлгісінен қорытынды

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (Current ratio) – ағымдағы активтерді ақшалай қаражаттарға айырбастау есебінен кәсіпорынның барлық ағымдағы міндеттемелерін төлеу қабілеттілігін көрсететін коэффициенті

Ағымдағы табыстылық (current yield) – облигация бағасына бөлінген жылдық купондық төлемдердің көлемі

Аз танымал кәсіпорындар тиімділігі (neglected-firm effect) – жоғары табыс алу үшін аз танымал кәсіпорындардың акцияларына инвестициялау бейімдігі

Аймақтық инвестициялар – мемлекеттің нақты аймағының шегінде қаражаттарды салу

Аймақтық тиімділік – көрсеткіштері сәйкес аймақ тұрғысынан жобаның аймақ кәсіпорындарына, аймақтағы әлеуметтік және экологиялық жағдайына, аймақтық бюджеттің табыстары мен шығындарына ықпал етуін есепке алғандағы жобаның қаржылық тиімділігі

Айналым коэффициенті (turnover) – қордың «сауда белсенділігінің» (сату көлемінің) сол портфельдегі активтер құнына қатынасы

Айырбасталатын своп (substitution swap) – бір облигацияның сондай, бірақ бағасы тартымдырақ облигацияға ауыстыру

Активтерді бөлу (asset allocation) – кең ауқымды активтер жіктемесінен таңдау жолымен портфель қалыптастыру

Активтерді қайта бөлу (asset allocation) – активтердің негізгі сыныптары арасында инвестициялық портфельді қалыптастыру үшін бағытталған ақша қаражаттарын қайта бөлу

Активтердің жиынтығы (asset universe) – портфель менеджерінің инвестициялайтын активтердің бекітілген тізімі

Активтердің қайтарымдылық коэффициенті (asset turnover) – жылдам сату көлемінің активтерге қатынасын көрсететін коэффициент

Активтердің табыстылығы, рентабельділігі (return on assets) – проценттер мен салықтарды төлегенге дейінгі пайданың активтер сомасына қатынасы

Активті инвестициялық стратегия, портфельді активті басқару (active management) – дұрыс бағаланбаған қаржы активтерін сатып алуға немесе нарық қозғалысының жалпы дамуын алдын ала болжауға ұмтылу

Активті портфель (active portfolio) – α нөлдік мәні бар талданған акциялардың бірігуі жолымен қалыптастырылған Трейнер-Блэк үлгісіндегі портфельі

Активті инвестициялар – өндірісті ұлғайтуға бағытталған инвестициялар

Акцияны таңдау (stock selection) – таңдалған елдің ішкі акция нарығынан нақты акцияларды таңдау

Акцияның баланстық құны (book value) – балансында көрсетілген кәсіпорынның меншікті капиталының таза құны

Акцияның есептік бағасы оның курстық құнының техникалық талдау негізінде алынады. Осы үшін трендтік модель құрылады, оған сәйкес тренд дамитын математикалық заң, орташа квадраттық қате, аппроксимацияның

қатысты қатесі анықталады және белгілі уақыт аралығынан кейін 95% ықтималдықпен акцияның нарықтық бағасы жататын бағалық корридор

Акцияның нақты, ішкі құны (intrinsic value) – талап етілетін табыстылық мөлшерлемесі бойынша дисконтталатын акциядан түсетін келтірілген құны

Акцияның нарықтық бағасының оның акциясының бухгалтерлік, баланстық құнына қатынасы коэффициенті (market-to-book-value ratio) – акцияның нарықтық құнының (бағамының) оның бухгалтерлік, баланстық құнына қатынасы

Акцияның номиналы – бұл акцияның эмиссиясы кезінде белгіленген және оның бет жағында көрсетілген құны. Барлық қоғамның жай акцияларының номиналды құны бірдей болуы және қоғамның барлық акцияларын ұстаушыларына құқықтардың тең көлемін қамтамасыз етілуі қажет. Акциялардың бағасы мәселесі олардың шығарылуын, біріншілік орналастырылуын және айналысын қамтитын өмірлік циклімен тығыз байланысты. Сондықтан акциялардың оларды шығару кезеңіндегі бірінші бағасы – номиналды. Акцияның номиналды, яғни тұрақты баға-сын көрсетіп шығарған кәсіпорын оның нақты құндылығын кепілдендірмейді. Ондай құндылықты нарық анықтайды. Бірақ номиналды құн акция құндылығының бағдары ретінде болады және ұзақ уақыт бойы акцияның бағасын кейін анықтау үшін негіз болып табылады

Акцияның табыстылығы (earning yield) – акция пайдасының оның бағасына қатынасы коэффициенті, E/P

Ақша нарығы (money markets) – салыстырмалы түрде тәуекел дәрежесі төмен болып сипатталатын қысқа мерзімді, жоғары өтімді қарыздық құралдарды енгізетін нарық

Ақшалай ағындардың үйлесуі (cash flow matching) – компанияның міндеттемелерін орындау үшін қажетті тұрақты табыстары, нақты шығындары бар құралдар

портфелімен қамтамасыз етілетін ақшалай түсімдердің үйлесуі

Ақша-несие саясаты (monetary policy) – ақша ұсынысы мен процент мөлшерлемесін реттеу үшін Федералды резервтік жүйе басқарушыларының Кеңесімен қолданылатын шаралар

Андеррайтерлер (underwriters) – бағалы қағаздардың орналасуына кепілдік беретін компаниялар. Олар бағалы қағаздарды эмитент-компаниядан сатып алады және оларды инвесторларға қайта сатады

Арбитраж (arbitrage) – бірдей бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар есебінен тәуекелсіз пайда алу

Артықшылықты акциялар (preferred stock) – дауыс беру құқығы жоқ корпорация акциялары. Олар бойынша тұрақты дивидендтер төленеді

Аукциондық нарық (auction market) – активтерді сатып алу-сату мақсатында барлық саудагерлердің жиналатын нарығы

Әлеуметтік тиімділік – біріншіден, коммерциялық қызметке инвестициялау кезіндегі әлеуметтік немесе пайданың өсіміне көмектесетін жобаның тиімділігі, екіншіден, пайданың генерациялануын қарастырмайтын, кәсіпорынның ішінде және одан тыс бағытталған әлеуметтік мақсаттарға бағытталған жобаның тиімділігі. Осы жағдайда кәсіпорынның қызметкерлері үшін түрлі артықшылықтарды құру, қосымша жұмыс орындары, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік маңызы бар өндірістерді құру және т.б.

Бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығы (over-the-counter [OTS] market) – бағалы қағаздармен сауданы жүзеге асыратын брокерлер мен дилерлердің желісі

Бағалы қағаздарды талдау (security analysis) – бағалы қағаздардың құнын талдау

Бағалы қағаздарды таңдау (security selection) – активтердің әрбір сыныбы шегінде бағалы қағаздардың нақты түрін таңдау

- Бағалы қағаздардың бастапқы жариялы ұсынылуы (Initial Public Offering – IPO)** – шектеулі иемденушісі бар акцияларды компаниямен алғашқы сатылуы
- Бағалы қағаздардың бірінші ретті нарығы (primary market)** – бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдары сатылып және сатып алынатын нарық
- Бағалы қағаздардың екінші ретті нарығы (secondary market)** – бұрыннан бар бағалы қағаздар үшін нарық
- Базис (basis)** – фьючерстік баға мен ағымдағы спот бағасының арасындағы айырма
- Базистік тәуекел (basis risk)** – фьючерстік баға мен спот бағаның арасындағы спредтің белгісіз өзгеруімен байланысты тәуекел
- Баланс (balance sheet)** – белгілі бір күнге кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы ақпараттарды көрсететін бухгалтерлік есеп беру
- Банктік акцепт (banker's acceptance)** – клиенттің банкке белгілі соманы белгілі бір күні төлеу туралы талабы бар бұйрығы
- Басқару** – бұл қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған үдеріс. Егер басқару мақсаты сәтсіз таңдалса, ал орындаушылар қойылған мақсаттың жетістігінде күмәнданса, онда талантты менеджерлердің кез келген әрекеті негізсіз болуы мүмкін. Мақсатты таңдау үшін ең алдымен кәсіпорын алдында тұрған мәселелерді түсіну қажет
- Бизнес-жоспар** – инвестициялық жобаның жүзеге асуы барысындағы әрекеттер мен шаралардың жиынтығы. Бизнес-жоспар жобаның мақсаттарын, олардың жетістіктері мен болжанған нәтижелерінің жолын көрсетеді
- Бизнес-жоспардың негізгі міндеті** – жобаның жалпы жүйелік бағасын беру. Бизнес-жоспар инвесторға – капиталды салудың мақсатқа лайықтылығын анықтау үшін, кәсіпкерге – жобаны жүзеге асыру үдерісінде әрекет және басқару бағдарламасын жасау үшін, мемлекеттік органдарға – несиелік өзара қарым-қатынасты реттеу және бақылау үшін қажет

Бухгалтерлік (баланстық) пайда (accounting earnings) – пайда мен шығын туралы есеп беруде көрсетілетін кәсіпорын пайдасы

Бірінші ретті нарық (primary market) – ашық түрде сату үшін бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдары ұсынылатын нарық

Бюджет тапшылығы (budget deficit) – мемлекеттік шығындардың жалпы табыстардан өсуі

Бюджеттен қаржы бөлу – инвестициялық мақсаттарда бюджеттік тізімге сәйкес бөлінетін әртүрлі деңгейлердегі бюджеттің қаражаттары. Бюджеттен қаржы бөлудің қажеттілігі жалпыұлттық мәнге ие салалар мен өндірістердің бар болуымен объективті түсіндіріледі. Бюджеттен қаржы бөлу қаржылық және экономикалық саясаттардың құралы, сонымен қатар ол шаруашылық конъюнктураға, экономикалық өсуге әсер етіп, қоғамдық өндірістің дамуының маңызды факторы

Бюджеттік тиімділік көрсеткіштері – жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сәйкес бюджеттің (мемлекеттік және жергілікті) табыстары мен шығындарына әсерін көрсетеді

Валюталық бағам (exchange rate) – ұлттық бағамның шетел бағамына айырбастау жүргізілетін бағам

Валюталық бағамның өзгеру тәуекелі, валюталық тәуекел (exchange rate risk) – доллар мен шетел валюталары арасындағы айырбастау бағамының өзгеруімен байланысты активтерді қайтарудағы белгісіздік

Валютаны таңдау (currency selection) – инвестор инвестициялау үшін валюта таңдап, қаражаттарды активтер арасында орналастыру

Вариациялық маржа (variation margin) – трейдордың маржасы одан төмендемейтін бекітілген көрсеткіш. Вариациялық маржа қосымша кепілдендірілген маржаны талап етеді

Варрант (warrant) – кәсіпорын акциясын сатып алу үшін сол кәсіпорынмен шығарылған опцион

Вексельдік несиелеу екі вариантта болуы мүмкін – төлемді ұзартумен вексельді сату және вексельдік заем. Бірінші жағдайда банк клиентке вексельді (өзінің эмиссиялаған немесе сатып алған) оның төлемін ұзартумен белгілі мерзімге сатады. Екінші жағдайда клиентке белгіленген мерзімде немесе сол мерзімде банкке беру арқылы клиенттің банкке қайтаратын вексель (қарыз беру келісім-шарты бойынша) беріледі

Венчурлық қаржыландыру – термині ағылшын *venture* («тәуекелді бастама») сөзінен туындайды. Венчурлық қаржыландыру жоғары тәуекелділікпен ерекшеленетін, бірақ осындай бір жобаға бейімделген кәсіпорынның құнының маңызды өсіміне уәде беретін инновациялық жобалардың бастапқы кезеңдері үшін нақты қаражаттарды алуды білдіреді

Депозиттік сертификат (Certificate of Deposit – CD) – банктік мерзімді депозит

Дефолт тәуекелі үшін сыйақы (default premium) – инвесторға дефолт тәуекелінің орнын толықтыратын, уәделенген табысқа қосымша

Әртараптандыру – әр түрлі бағыттар бойынша инвестициялау

Доу теориясы (Dow theory) – қор нарығында бағалардың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді үдерістерін анықтау шаралары қабылданатын әдіснама

Екінші ретгі нарық (secondary markets) – бұрын шығарылған бағалы қағаздар сатып алынатын және сатылатын нарықтар (биржалық және биржалық емес)

Еуродоллар (Eurodollars) – долларда деноминацияланған шетел банктеріндегі немесе американдық банктердің шетел филиалдарындағы депозиттері

Жай акция (common stock, equity) – иемденушінің корпорация активтеріне меншік үлесіне құқығын куәландыратын құжат

Жай акциялар (common stocks) – корпорациядағы меншік үлесі (кең ауқымды акционерлері бар акционерлік

қоғамдардағы). Акция ұстаушылары дауыс беру құқығы мен дивиденд алу құқығына ие

Жақсы әртараптанған портфель (well-diversified portfolio) – жүйеленбеген тәуекелдерді болдырмау үшін жеткілікті әртараптанған портфель

Жалпы ішкі өнім (Gross Domestic Product – GDP) – белгілі уақыт аралығында өндірілген өнімдер мен қызметтердің нарықтық бағасы

Жаһандану (globalization) – әлемдік инвестициялық ортаның қалыптасуы және ұлттық капитал нарықтарының шоғырлану үдерісі

Жеке лизинг – мүлік бойынша жекелей жұмыстарды лизинг беруші атқарады

Жоба – сөзі латынның *projectus* сөзінен шыққан және қазақ тіліне аударғанда «алға тасталған», яғни түпкі ой дегенді білдіреді. Қазіргі батыс әдебиеттерінде осы түсініктің жалпы мағынасы «Жобаларды басқару туралы білімдер кодексінде» (Project Management Institut, USD) айтылған: «Жоба міндеттің орындалу тәсілдерімен көзделген белгілі бастапқы мәліметтері және қажетті нәтижелері бар міндетті білдіреді». Отандық экономикалық әдебиеттерде «жоба деп оның шегінде құрылған мақсаттар жүйесі деп аталады». Берілген анықтама жобаны жасау және оны жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды және қызметтің барлық түрлерінің ерекшеліктерін есепке алады

Жобаларды басқару – ағылшын жоба-менеджерлер қауымдастығының есептеуінше уақыт бойынша, белгіленген бюджет шегінде, техникалық спецификацияға және талаптарға сәйкес жобаны аяқтау бойынша басқарушылық міндет

Жобаларды басқару – жұмыстың құрамы мен көлемі, құны, уақыты, сапасы бойынша нәтижелерге жету үшін басқарудың қазіргі әдістерін және техникасын пайдалану жолымен жобаның өмірлік циклі бойынша

материалды ресурстарды координациялау және басқару шеберлігі

Жобаның өтелу мерзімі – бұл эксплуатациядан түскен табыстар бастапқы инвестицияларға тең болған (капиталдық шығындар және эксплуатациялық шығындар) кезде объектіні жүзеге асыру сәтінен бастап оны пайдалану сәтіне дейінгі кезең болып табылады. Бұл көрсеткіш салынған капиталдың толық қайтарылымы қашан болады деген сұраққа жауап береді. Көрсеткіштің экономикалық мәні инвестордың салған капиталын қайтарып алу мерзімі анықталатынында

Жұмыссыздық деңгейі (Unemployment rate) – жұмыссыздар деп саналатын тұлғалар санының жалпы еңбек ресурстарының санына қатынасын сипаттайтын көрсеткіш

Жылдық проценттік мөлшерлме (Annual Percentage Rate - APR) – жай проценттер әдісін қолданумен жылдық есептелуге келтірілетін табыстылық мөлшерлемесі

Жылжымайтын мүліктерге – жер учаскелері, жекелеген су объектілері, жермен байланыстының барлығы, яғни олардың орнын ауыстыратын объектілер, соның ішінде ормандар, көп жылғы орнатылымдар, ғимараттар, құрылыстар жатады

Инвестиция – капитал құнын сақтайтын немесе өсіретін, сондай-ақ табыстың өсуіне әкелетін капитал жұмсау әдісі

Инвестиция (investment) – қазіргі кездегі бар ресурстарды болашақта оларды үлкен көлемде алу мақсатында шығындау

Инвестициялау объектісі – инвестицияларға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің кез келген объектісі

Инвестициялауға тікелей емес қатысу – инвестициялауды басқа тұлғалардың (инвестициялық немесе басқа қаржылық делдалдар) жүргізуі

Инвестициялауда тікелей қатысу – инвестордың инвестициялау және қаражаттарды салу объектілерін таңдаудағы тікелей қатысуы. Тікелей инвестициялауды инвестициялау объектісі туралы нақты ақпаратқа ие және

инвестициялау тетігімен жақсы таныс инвесторлар жүзеге асырады

Инвестициялық банктер (investment bankers) – бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдарын, колхаттар түрінде (андеррайтинг), сатуға маманданған кәсіпорындар

Инвестициялық жоба – белгілі мақсаттарға жетуді (белгілі нәтижелерді алуды) қамтамасыз ететін шаралар жиынтығы

Инвестициялық жобаның бизнес-жоспары – бөлімдердің жалпы қабылданған тәртібі бойынша қысқа формада инвесторды болжанатын инвестициялардың тиімділігіне сендіруге және жобаны негіздеуге, сонымен қатар бағалауға мүмкіндік беретін жобаның басты сипаттамалары баяндалатын негізгі құжат

Инвестициялық климат – мемлекетте, аймақта инвестициялық қызмет жағдайларын анықтайтын заңдық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени бір-бірімен байланысты факторлар әсерімен қалыптасатын жағдай

Инвестициялық компаниялар (investment companies) – жеке инвесторардың ақша қаражаттарын тартатын және оларды бағалы қағаздарға немесе белгілі бір басқа активтерге инвестициялайтын қаржы делдалдары

Инвестициялық қызмет – инвестицияны жүзеге асыру барысындағы инвестициялық үдерістегі әр түрлі қызметтер жиынтығы

Инвестициялық қызметтің субъектілері – бір жағынан, бос инвестициялық ресурстарға ие қатысушылар (инвесторлар), басқа жағынан, инвестициялық ресурстарда қажеттілігі бар кәсіпорындар, ұйымдар және т.б. деп қарастыруға болады. Инвестициялық қызметтің үшінші жағы инвестициялық институттар мен инвестициялық ресурстардың тұтынушылары арасындағы өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ететін делдалдар болып табылады

Инвестициялық мүмкіндіктер жиынтығы (investment opportunity set) – инвестициялық портфель үшін «тәуекел-табыстылық» мүмкінді жиынтығы

Инвестициялық портфель – инвестициялық объектілерге салымдардың анықталған инвестициялық стратегияға сәйкес мақсатты құрылған салымдардың жиынтығы

Инвестициялық үдерістегі мемлекеттің рөлі – мемлекет орталықтандырылған (әртүрлі деңгейдегі бюджеттер есебінен) және орталықтандырылмаған (мемлекеттік кәсіпорындардың өзіндік және қарыз қаражаттарының есебінен жүзеге асырылатын) капитал салымдарының мемлекеттік саясатын жүзеге асыру

Инвестициялық саясат – инвестициялық қызметті жандандыру, экономиканы көтеру мақсатында шаруашылық субъекті-леріне жағымды жағдайларды жасау бойынша шаралар жиынтығы

Инвестицияның тиімділігі – «ақшаның уақытындағы бағамы» концепциясында бағаланады және инвестициялардың тиімділігін бағалау ақша қаражаттар ағымында, жобаны жүзеге асыруда бір-біріне қатарластыруда айқындалады

Инфляция (inflation) – тауарлар мен қызметтерге жалпы баға деңгейінің өсу қарқыны

Инфляция қарқыны (inflation rate) – өлшенген СІР өсу жылдамдығы сияқты бағалардың өсу жылдамдығы

Ипотекалық несиелеу – жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға және салуға (қайта құруға) несиелер беру – көптеген нарық субъектілерінің өзара әрекетін білдіретін маңызды экономикалық және әлеуметтік функцияларды орындайтын несиелік қатынастардың формасы

Капитал жұмсалымы – бұл жаңа қорларды құру, істеп тұрған негізгі қорларды кеңейту, техникалық жағынан қайта қаруландыруға жұмсалған шығындар жиынтығы

Капитал нарығы (capital markets) – ақша нарығына қарағанда жоғары тәуекелмен сипатталатын ұзақ мерзімді бағалы қағаздарды кіріктіретін нарық

Клиринг (нарықтық өзгерістерді есепке алу) (marking to market) – фьючерстік позициялар бойынша міндеттемелердің күнделікті қайта есептелуі (барлық сауда қатысушыларының әрбір жұмыс күнінің соңында сол күнгі есептесу бағалары бойынша шоттарындағы қаражаттар көлемінің корректировкасы)

Клирингтік (есеп айырысу) палатасы (clearinghouse) – сауда операцияларында көмек көрсету үшін биржалармен құрылған клирингтік палата екі трейдор арасында делдал ретінде сауда үрдісіне қатыса алады

Коммерциялық вексель (Commercial Paper – CP) – ірі корпорациялармен шығарылатын қысқа мерзімді, қамтамасыз етілмеген қарыздық міндеттеме

Коммерциялық тиімділік (немесе қаржылық негіздеме) – бұл талап етілген табыстылық нормасын қамтамасыз ететін қаржылық шығындар мен нәтижелердің қатынасымен анықталатын тиімділік. Ол жалпы жоба және әрбір қатысушы (оның салымын есепке алғанда) үшін есептеледі. Әрбір нақты кезеңде тиімділік ретінде нақты ақшалардың ағымы (түсімдер мен жылыстаулардың сальдосы немесе келтірілген шығындар мен түсімдердің сальдосы) болады

Корпоративті облигациялар (corporate bonds) – жеке корпорациялармен шығарылатын ұзақ мерзімді қарыздық міндеттемелер; бұл қарыздық міндеттемелер бойынша жарты жылдық купондар төленеді, ал өтеу кезінде облигацияның номиналдық құны қайтарылады

Купондық мөлшерлеме (coupon rate) – номиналдық құнындағы әрбір долларға облигациялар бойынша проценттік төлемдердің көлемі

Күтілетін табыстылық (expected return) – инвестициядан түсетін сыйақы

Қазынашылық вексельдер (Treasury bills) – өзіндік құны төмен шегеріммен шығарылатын, қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар; қазынашылық вексельдерді өтеу мерзімі келгенде олардың толық өзіндік құны төленеді

Қазынашылық ноталар мен облигациялар (Treasury notes or bonds) – олар бойынша төлемдер әрбір жарты жылдықта жүргізілетін, номиналы мың доллар және одан жоғары болып келетін федералды үкіметтің қарыздық міндеттемесі; номиналды құнымен (немесе номиналдық құнына жақын) сатылады

Қалпына келтіру құны (replacement cost) – кәсіпорынның активтерін сатып алу үшін қазіргі кезеңдегі жұмсауы қажет шығындар

Қамтамасыз етілмеген облигация (debenture) – қандай да бір нақты кепілмен қамтамасыз етілмеген облигация

Қаржы активтері (financial assets) – материалдық активтерге немесе олардан алынатын табыстарға талаптар (құқық)

Қаржы делдалдары (financial intermediaries) – өздерінде несие берушілердің қаражаттарын орналастыру және оларды кейінен қарыз алшыларға беру жолымен қарыз алушылар мен несие берушілердің қаржылық қажеттіліктерін біріктіретін ұйымдар

Қаржы-бюджеттік саясат (fiscal policy) – мемлекеттік шығындар мен салық салуды экономикалық тұрақтандыру үшін қолдану

Қаржылық «тетік», қаржылық леверидж коэффициенті (leverage ratio) – кәсіпорынның жалпы капитал сомасының оның меншікті капиталына қатынасы

Қаржылық инвестициялар әртүрлі қаржылық құралдарға (активтерге), соның ішінде аса маңызды үлес алатын бағалы қағаздарға қаражаттарды салу

Қаржылық инженерия (financial engineering) – инвесторлардың талаптарына сәйкес келетін алдын ала бағдарланған қасиеттері бар бағалы қағаздарды құру және жасау үдерісі

Қор биржалары (stock exchanges) – шығарылған бағалы қағаздарды сауда қатысушыларының сатып және сатып алатын екінші ретті нарықтар

Қорғалған «пут» опцион (protective put) – опционның орындалу бағасына тең минималды табысты қамтамасыз ететін активтің «пут» опционымен комбинациясы

Қысқа мерзімді инвестициялар – әдетте бір жылға дейінгі кезеңге салынатын капитал салымдары (мысалы, қысқа мерзімді депозиттік салымдар, қысқа мерзімді жинақ сертификаттарын сатып алу және т.б.)

Лизинг – бұл белгілі бір мүлікті сатып алып, кәсіпкерлік мақсаты үшін кәсіпорынға уақытша пайдалануға беруді қарастыратын кәсіпкерлік қызмет түрі, қаржыландыру әдісі

Макродеңгейде инвестициялар немесе капитал салымдары – ұлттық экономиканың дамуы мен қоғамдық өндірістің тиімділігін көтеруге арналған негіз

Мониторинг – бірінші және аса маңызды басқару элементі болып табылады, оның мақсаты – берілген портфельдің типіне сәйкес келетін инвестициялық қасиеттерге ие бағалы қағаздарды таңдау

Мульти жоба – жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды қайта құру, жаңғырту немесе жаңадан құру мақсаттағы жоба

Нақты активтер (real assets) – өнімдер мен қызметтерді өндіру үшін қолданылатын активтер

Нақты инвестициялар – нақты активтерге, яғни материалдық және материалдық емес активтерге немесе ғылыми-техникалық прогреспен байланысты материалды емес активтерге қаражаттарды салу инновациялық инвестициялар

Нақты проценттік мөлшерлеме (real interest rate) – инфляция қарқынынан проценттік мөлшерлеменің өсуі. Инвестиция нәтижесі болып табылатын сатып алу қабілетінің өсу қарқыны

Нарықтық (курстық) баға – бұл екінші нарықта сатылатын және сатып алынатын акцияның құны. Өтімді-тиімді

бағалы қағаздар нарығында акцияның нарықтық бағасы – бұл уақыттың әрбір сәтінде жасалған мәмілелер бойынша ағымды бағалардағы құны

Нарықтық портфель (market portfolio) – әрбір бағалы қағаздың үлесі оның жалпы нарық капитализациясындағы үлесіне пропорционалды болатын портфель

Номиналды проценттік мөлшерлеме (nominal interest rate) – номиналды ақшалай көріністегі проценттік мөлшерлеме

Номиналдық құн (par value) – облигация ұстаушысына оны өтегенде төленетін сома

Облигация – бұл оның ұстаушысының облигацияны шығарған тұлғадан оның номиналды немесе басқа мүлдікті эквивалентінің белгіленген мерзімінде алуға құқықтарын растайтын бағалы қағаз. Облигация оның ұстаушысына облигацияның номиналды құнының процентінде тіркелген немесе басқа мүлдікті құқықтарды алуға құқық береді

Овердрафт – бұл клиент шотындағы жетіспеген ақша-қаражаттарды уақытша жабу мақсатында, шекті сомасын белгілемей, қосымша несие келісім-шарттарына отыруды қарастырмайтын банктік несие түрі

Өтімділік (liquidity) – сол немесе басқа активтің ақшаға айналуының жылдамдығы мен жеңілдігін білдіреді

Пайда алу үшін қолданылатын своп (pure yield pickup swap) – табысы жоғары және өтеу мерзімі ұзақ облигацияға өту

Пайда мен шығындар туралы есеп (income statement) – нақты уақыт аралығында кәсіпорынның табыстары мен шығындары туралы мәліметтерді көрсететін құжат

Пассивті инвестициялық стратегия (passive strategy) – жүзеге асырғанда бағалы қағаздардың талдауын қарастырмайтын инвестициялық саясат

Пассивті инвестициялық стратегия, портфельді пассивті басқару (passive management) – дұрыс бағаланбаған қаржы активтерін сатып алмау мақсатымен әртараптан-

ған (эртараптандырылған) бағалы қағаздар портфелін сатып алу және иемдену

Пассивті инвестициялар – өндірісті ұстап тұруға бағытталған инвестициялар

Портфельді сақтандыру (portfolio insurance) – инвестициялардың өсуіне мүмкіндік бере отырып, инвестициялаудан шығындарды азайтатын портфельді стратегия

Портфельдік инвестициялар – капиталдық жобалар тобына салу, мысалы әртүрлі кәсіпорындардың бағалы қағаздарын сатып алу

Реинвестиция – алғашқы инвестициялар

Рейтинг – бұл 1 жылға дейін берілген лизингтің түрі

Саланың өмірлік циклі (industry life cycle) – өзінің даму үрдісінде сала кәсіпорындары өтетін кезеңдері

Сатудың рентабельділігі (return on sales) – операциялық пайданың сату көлеміне қатынасын көрсететін коэффициент

Саяси тәуекел (political risk) – салық салу саясатындағы өзгерістердің, валюталық операцияларға және елдің іскерлік климатына қатысты басқа да өзгерістердің болу мүмкіндігі

Секьюритизация (securitization) – кепіл ретінде пұл болып табылатын және кез келген бағалы қағаз сияқты сатыла алатын пұлға біріктірілген стандартталған бағалы қағаздардың қарыз негізінде құрылуы

Сенімділік коэффициенті (confidence index) – бірінші ондықтағы корпоративтік облигациялардың орташа проценттік табыстылығының несиелік рейтингтің ортасынан алынған он корпоративтік облигациялардың орташа табыстылығына қатынасы

Спред (spread) – бір активке әр түрлі орындау бағаларымен немесе мерзімімен бір немесе бірнеше «колл» немесе «пут» опциондарының комбинациясы

Сұраныс импульсі (demand shock) – экономикадағы өнімдер мен қызметтерге деген сұраныс көлеміне ықпал ететін жағдай

- Сценарийлер талдауы (scenario analysis)** – мүмкінді экономикалық сценарийлердің тізімін жасау және әрбір сценарийдің ықтималдылығын, сонымен қатар әрбір жеке жағдайда қол жеткізілетін HPR мәнін анықтау үдерісі
- Табыстылық құны (yield curve)** – өтеу кезіндегі табыстылық көлемінің облигацияны өтеу мерзіміне тәуелділік сызбасы
- Таза лизинг** – сақтандыру, қызмет көрсету, жөндеу жұмыстарын лизинг алушы атқарады
- Тәуекелге бейімсіздік (risk aversion)** – инвестордың өзіне тәуекелді қабылдауға ниетінің болмауы
- Тәуекелге бейімсіздік (risk aversion)** – инвестордың тәуекелге бармауы
- Тәуекелді басқару, тәуекел-менеджмент (risk management)** – портфель тәуекелін шектеу үшін стратегия
- Техникалық талдау (technical analysis)** – акция бағаларының бір мерзімде қайталанатын және болжанатын өзгеру үлгілерін, сонымен қатар акцияларды сатып алу немесе сату нарығына ықпал ететін қысым жасау үлгілерін анықтау
- Тиімді тәуекелді портфель (optimal risky portfolio)** – кейіннен олардың тәуекелі жоқ активтермен толығымен портфельге бірігетін тәуекелді активтердің ең тиімді қосындысы
- Тобин коэффициенті (Tobin's q)** – кәсіпорынның нарықтық құнының оның сату құнына қатынасы
- Толық портфель (complete portfolio)** – тәуекелді және тәуекелсіз активтерді өзіне кіріктіретін инвестициялық портфель
- Туынды бағалы қағаздар, деривативтер (derivative securities)** – олар бойынша төлемдері басқа активтердің құнымен анықталатын бағалы қағаздар
- Тікелей инвестициялар** – нақты ұзақ мерзімді жобаға қаражат салу және нақты активтерді сатып алумен байланысты
- Ұзақ мерзімді инвестициялар** – бір жылдан асатын кезеңге салынатын капитал салымдары. Осы критерий есеп

тәжірибесінде қабылданған, бірақ, тәжірибе көрсеткендей, ол нақтылауды қажет етеді

Факторинг – инвестицияларды қаржыландырудың ерекше әдісі, банктің клиенттен өзінің төлеушілеріне берген төлем талаптарын сатып алатын мәміле

Форвордтық келісім-шарт (forward contract) – екі тарап арасындағы активтерді болашақта белгілі бір мерзімде келісілген баға бойынша жеткізу туралы келісімі

Форвордтық проценттік мөлшерлеме (forward rate) – ұзақ мерзімді облигациялардың күтілетін жиынтық табыстылығын кезеңмен облигацияларды күтілетін жиынтық табыстылығымен теңестіретін болашақ мерзімге болжанған қысқа мерзімді проценттік мөлшерлеме

Франчайзинг – ірі компанияның кіші компанияға өзінің сауда белгісін, технологиясын беру бойынша қызмет түрі

Фундаменталды талдау (Fundamental analysis) – болашақта пайда мен дивиденд алу, кәсіпорынның болашақ проценттік мөлшерлемесі мен тәуекел күту сияқты факторларға тәуелді акция құнын талдау

Фьючерстік баға (future price) – бүгінгі күні бекітілген және фьючерстік келісім-шарт бойынша өтеу мерзімінде төлеу қарастырылатын баға

Фьючерстік келісім-шарт (future contract) – тараптардың нақты активті алдын ала келісілген баға бойынша белгіленген уақыт мерзімінде сатып алуға немесе сатуға міндеттенетін келісім-шарты

Хайринг – 1-3 жылға дейін берілген лизингтің түрі

Халықаралық жоба – жоба барысында дүниежүзілік нарықта қажетті материалдарды пайдаланады

Шарп коэффициенті (Sharpe measure) – портфель тәуекелі үшін сыйақының өзгерімге қатынасының мәні; портфельдің артық табыстылығының портфель табыстылығының стандартты ауытқуына қатынасы

Шетелдік инвестициялар – бұл ҚР территориясындағы кәсіпкерлік қызметтің объектісіне шетел инвесторына тиісті азаматтық құқықтардың, соның ішінде ақша, бағалы

қағаздар, басқа мүлік, интеллектуалды қызметтің, сонымен бірге қызмет пен ақпарат нәтижелеріне ерекше құқықтардың ақшалай бағасына ие мүліктік құқықтар объектісі түрінде шетел капиталын салу

Шығынды (қосымша) табыстылық (excess return) – бағалы қағаздың табыстылығының мөлшерлемесінің тәуекелсіз мөлшерлемеден артуы

Шығынсыздық нүктесін талдау (breakeven point analysis) – халықаралық тәжірибеде кең қолданылады, ол жобаның тәуекелдерін бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қарапайым тәсілі және инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау кезінде қолданылатын қаржылық ақпарат элементінің бірі

Шығынсыздықты талдау – өндіріс көлемінің, өзіндік құнның және пайданың өндіріс үдерісінде осы көрсеткіштердің өзгеруі кезіндегі өзара байланысын зерттеу болып табылады. Шығынсыздықты талдаудың мақсаты – шығын, өндіріс көлемі және пайда арасындағы балансталған қатынасты айқындау; нәтижесінде – шығындардың орнын толтыру үшін қажетті өткізу көлемін табу

Ірі жоба – ортақ мақсатқа біріктірілген, көптеген жобалардан тұрады және жоғары құндылығымен сипатталады

Ішкі инвестиция – берілген елдің территориясында орналасқан объектілерге қаражаттарды салу

Экономикалық пайда (economic earnings) – кәсіпорынның өндірістік мүмкіндіктері өзгеріссіз қалған жағдайда да төлей алатын нақты ақша ағымы

Экономикалық цикл (business cycle) – экономикадағы қайталанатын құлдырау мен көркею кезеңдері

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдығы № 415-2 Заңы
2. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заңы
3. «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы № 373-ІІ Заңы
4. «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысы
5. «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 627 қаулысы
6. «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Заңы
7. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан
8. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар
9. «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 474-ІІ Заңы
10. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы ҚР-ның Заңы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VІ Заңы

11. «Шетелдік инвестициялар туралы» 24.12.1994 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы
12. «Шетелдік инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» 27.10.1997 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы
13. Асилова А.С. Инвестицияны қаржыландыру және несие-леу. Оқулық. Экономика баспасы, – 2014.
14. Банк ісі. Ұ.М. Искаковтың ред. Оқулық. Алматы. Экономика. – 2013.
15. Бочаров В.В. Инвестиционный менеджмент. Оқу құралы. С-П: «Питер», – 2002.
16. Бузова И.А., Маховикова Г.А. Коммерческая оценка инвестиций. С.-П. «Питер», – 2003.
17. Гендер М.И. Инвестиционный климат стран СНГ // Business central, – 2013.
18. Игошин Н.В. Инвестиции. Организация, управление, финансирование. Учебник для вузов. Екатеринбург: Издательство Уральского университета, – 2016 ж. Оқулық. М., Юнити, – 2012.
19. Инвестиции. Под редакцией Л. И. Юзвович, С.А. Дегтярева, Е. Г. Князевой// Учебник для вузов. Екатеринбург: Издательство Уральского университета, – 2016.
20. Қазақстан қаржы нарығы секторларының өзара іс-қимылы және олардың реттелуі. Адамбекова А.А. Оқулық. Алматы. Экономика. – 2012.
21. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының ережесі
22. Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығы
23. Қазақстан Республикасының «ҚР-сының вексель айналысы туралы» 1997 жылғы 28 сәуірдегі Заңы
24. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы
№ 954 Қаулысы

25. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы.

26. Марченко Г., Мачульская О. Рейтинг инвестиционной привлекательности Казахстана // Эксперт, – 2014.

27. Дейнеко А.В. Привлечение иностранных инвестиций в экономику Казахстана: состояние и развитие процесса // Капитал, инвестиции, технологии. – 2013. – № 1.

28. Нурланова Н.А., Бейсенбина А.К. Оценка потенциальных инвестиционных возможностей регионов // Капитал, инвестиции, технологии. – 2013. – № 11.

29. Черкасов В.Е. Международные инвестиции. М., «Дело», – 1999 ж.

30. Шарп Уильям Ф., Александер Гордон Дж., Бэйли Джеффри В. Инвестиции. М., «Инфра-М», – 2018 ж.

31. Ұлттық инвестициялық веб-сайт. – [ЭР]. Режим доступа: <http://invest.gov.kz>.

32. <http://www.akorda.kz>

33. <http://www.kase.kz>

34. <http://mf.minfin.kz/>

35. <http://www.nationalbank.kz>

36. <http://www.fin.ru>